

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Халиуллин Жасулан Джулдыбаевич

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ БАҒАНЫ
ТҰРАҚТАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ**

«7М041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7М04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

«7М04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша
Бизнес және басқару магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____ Мұқан Б.Ғ., э.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2024 ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С., с.ғ.д.

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ.....	6
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	10
1-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІ.....	13
1.1. Қазақстан Республикасында азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйесі.....	13
1.2. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының физикалық және экономикалық қолжетімділігі.....	16
1.3. Азық-түлік тауарларының қозғалысы мен қойма инфрақұрылымдары.....	27
1.4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру механизмдері.....	30
2-ТАРАУ. ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ, ТӘЖІРИБЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МЕХАНИЗМДЕРІ.....	33
2.1. Шет елдердің азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйесін зерттеу.....	33
2.2. Шет елдердің азық-түлік бағасын тұрақтандыру тәжірибелері мен қолданыстағы механизмдері.....	34
3-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ.....	37
3.1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру жағдайы мәселелерін бағалау және ұсыныстар.....	37
3.2. Қазақстан Республикасында әлеуметтік маңызы бар азық- түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру тетіктерін басқаруды жетілдіру және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар.....	51
ҚОРЫТЫНДЫ.....	60
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	62
ҚОСЫМШАЛАР.....	68

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада (зерттеуде) келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңы;

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңы;

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы;

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысы;

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Қаулысы;

«Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығы;

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 190 бұйрығы;

«Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 ақпандағы № 28 қаулысы;

«Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № 146 қаулысы;

«Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 153 қаулысы;

«Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығы;

«Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы;

«Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 184 бұйрығы;

«Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығы;

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығы;

«Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығы;

««Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 185 бұйрығы;

««Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 339 бұйрығы;

«Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығы.

«Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығы;

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- БҰҰ - біріккен ұлттар ұйымы;
- АӨК - агроөнеркәсіптік кешен;
- ЕАЭО - Еуразиялық экономикалық одақ;
- КТО - көтерме тарату орталықтары;
- КЛО - көлік логистикалық орталықтар.

КІРІСПЕ

Қазіргі әлемде азық-түлік қауіпсіздігі жаһандық деңгейде де, сыртқы деңгейде де негізгі әлеуметтік-экономикалық міндеттердің бірі болып қала береді. Қазақстан Республикасында азық-түлік тауарларына, әсіресе әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне тұрақты және қолжетімді бағаларды қамтамасыз ету халықты әлеуметтік қорғаудың және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады. Азық-түлік бағасының тұрақты болуы азаматтардың өмір сүру сапасына және олардың негізгі азық-түлікке қолжетімділігі мен пен қамтамасыз етілу мүмкіндігіне тікелей әсер етеді.

2015 жылғы 25 қыркүйекте кедейшілікті жоюға, теңсіздікпен және әділетсіздікпен күресуге, сондай-ақ климаттық өзгерістермен байланысты мәселелерді шешуге бағытталған 17 Тұрақты Даму Мақсаттарынан қабылдады. Оның ішінде 2-ші мақсат «Ашаршылықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауылшаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу».

Табиғи апаттар, өнімсіздік, соғыс және ресурстарды тиімсіз пайдалану бүкіл әлем бойынша азық-түлік тапшылығының себебі болып отыр. Ашыққан адамдар жұмысқа қабілеттілігін айрылып, ауруларға осал болып, табыс көлемдері азайып, өмір сүру жағдайын жақсартуға алмауда. Бүгінгі күні аштық пен дұрыс тамақтанбаудан әлем бойынша 800 миллионға жуық адам зардап шегуде. Олардың көпшілігі дамушы елдерде тұрады, бірақ бүгінде бұл мәселе толығымен шешілген континент жоқ.

Қазақстан бойынша ашыққандар саны шамамен 0,4 миллионды (халықтың 2,5% - нан аз) құрайды [1].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жаңалығы

Қазақстан Республикасы ел ретінде өз азаматтарының өмір сүру деңгейін арттыруға ұмтылады және сапасын сақтайды, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін және азық-түлік бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, сын-қатерлерге, тұрақсыздыққа кезігуде. Қазіргі нарықтық шындықта, ішкі және сыртқы факторларға байланысты азық-түлік бағасы өзгерген кезде, халықтың барлық топтары үшін азық-түліктің қолжетімділігін қамтамасыз етуге қабілетті бағаны сақтаудың тетіктерін жетілдіріп, тиімділіктерін арттыру маңызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 01 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында азық-түлік қауіпсіздігі мен оның бағасына қатысты бірқатар проблемаларға тоқталып өтті. Оның ішінде азық-түлік бағасының инфляцияның монетарлық емес тұстарының бастысы екендігіне тоқталды.

Еліміздің АӨК даму мүмкіндіктері мен әлеуетіне тоқтала отырып, саладағы келесідей мәселелерді атады.

Ең алдымен, азық-түлік тауарларының бағасын белгілеудің тиімсіздігі, одан кейін өнімдерді бөліп-тарату мәселесінің дұрыс жұмыс жасамауы.

Азық-түлік өнімдерін өндірушілерден тұтынушыларға дейінгі аралықтағы бағаны бақылау жұмысына бірнеше мемлекеттік органдардың жауапты

болуынан, баға шарықтаған сайын олар талдау жүргізіп, тиімді әрі жедел шаралар қабылдаудың орнына бір-біріне сілтейді.

Бұл жұмысты ретке келтіру үшін, жауапкершіліктің ара-жігін ажыратып бір мемлекеттік мекемені басты орган ретінде айқындап, өзгелерінің өзара іс-қимылын нақты белгілеу қажет [2].

Осы проблемалардың маңыздылығын ескере отырып, магистрлік жоба Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бағаны тұрақтандыру тетіктерін зерттеуге және жетілдіруге арналады.

Бұл зерттеудің өзектілігі қоғам үшін маңызды азық-түлік өнімдеріне бағаның тұрақтылығын сақтау және ұлттық экономиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданатын шаралардың тиімділігін арттыру қажеттілігін негіздейді.

Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы оның азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктерін талдауға, оның ішінде еуропалық тәжірибені зерделеуге және оны Қазақстан Республикасының жағдайына бейімдеуге бірегей көзқарасынан көрінеді. Сонымен қатар, зерттеу қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге шолу жасаумен және бағаны тұрақтандыру жүйесін жетілдіру бойынша нақты шараларды ұсынумен ерекшеленеді.

Мақсаттары мен міндеттері:

Магистрлік жобаның мақсаты Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бағаны тұрақтандыру тетіктерін кешенді талдау және оларды жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу болып табылады. Осы мақсатта біз алдымызға келесі міндеттерді қоямыз:

Осы процесте пайдаланылатын негізгі механизмдер мен құрылымдарды анықтай отырып, Қазақстан Республикасында азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйесін зерделеу.

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу және Қазақстан жағдайында бейімделудің озық тәжірибесін анықтау.

Бағаны тұрақтандырудың ағымдағы тетіктерінің тиімділігін бағалау және проблемалық аймақтарды анықтау.

Қазақстан Республикасында азық-түлік бағасын тұрақтандыру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны мен пәні:

Зерттеу объектісі: Қазақстан Республикасындағы азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйесі, сондай-ақ бағаны тұрақтандыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктері болып табылады.

Зерттеу пәні: Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктерінің тиімділігі мен жетілдірілуі.

Ғылыми-зерттеу жұмысының орындалу орны:

Ғылыми-зерттеу жұмысының орны негізінен ел ішінде де, одан тыс жерлерде де зерттеу деректерін талдаудың интеграциясын білдіреді. Бұл жұмыс Австрия, АҚШ, Франция және Финляндия сияқты әртүрлі елдердегі азық-түлік бағасын тұрақтандыру тетіктерін салыстырмалы талдауға, олардың тиімділігі

мен Қазақстан Республикасының контекстінде қолдану мүмкіндігін бағалауға негізделген.

Бұл жұмыстың басқа зерттеу жұмыстарымен, диссертациялармен байланысы:

Бұл жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысы оның Қазақстан Республикасында да, шетелде де азық-түлік бағасын тұрақтандыру саласындағы бар зерттеулерді талдауға негізделгенінен көрінеді. Бұл талдау мәселенің өзектілігін анықтауға, осы салада қолданылатын әртүрлі тәсілдер мен әдістерді зерделеуге, сондай-ақ Қазақстанда бағаны тұрақтандыру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Теориялық және әдістемелік негізі:

Азық-түлік бағасын тұрақтандыруды зерттеуде қолданылатын негізгі теориялық тұжырымдамалар мен әдістемелік тәсілдерге шолу жасалады. Бұдан басқа, әртүрлі елдердегі азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жүйелері мен қолданыстағы механизмдеріне салыстырмалы талдау жүргізіліп олардың Қазақстан Республикасы жағдайында қолдану мүмкіндігіне назар аударылады.

Зерттеудің ақпараттық базасы:

Зерттеудің ақпараттық базасы Қазақстан Республикасындағы азық-түлік бағасын тұрақтандыру саясатын көрсететін заңдар мен мемлекеттік қолдау бағдарламалары сияқты нормативтік құқықтық актілерге талдауды қамтиды. Сондай-ақ халықаралық зерттеулердің нәтижелері, әртүрлі елдердегі азық-түлік нарығының жай-күйі туралы статистикалық деректер мен аналитикалық есептер зерделенді. Сондай-ақ сарапшылармен сұхбат және әлеуметтік желілердегі контентті талдау бағаны тұрақтандыру мәселесіне халықтың көзқарасы мен оны шешу бойынша ұсыныстар туралы құнды деректер берді.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми ережелер:

Магистрлік жобаның негізгі ғылыми тұжырымдары азық-түлік өнімдерін жеткізу мен өткізуде инновациялық тәсілдердің қажеттілігі, сонымен қатар ол бағаны мемлекеттік реттеу әдістерін жетілдіру болып табылады. Еуропа елдеріндегі бағаны тұрақтандыру тәжірибесін талдау баға саясатын басқарудың заманауи тетіктерін әзірлеудің маңыздылығын растады. Жобаның ұсынымдарында өнімді тікелей тауарөндірушілер сататын жүйені және мемлекеттік қолдау бағдарламасына қатынасушы тауар өндірушілерге қарсы міндеттемелерді енгізу, сауда қызметі туралы заңнамаға өзгерістер енгізу және басқа мемлекеттік органдарға бағаларды реттеу функцияларын беру бар.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу:

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мақсатында дөңгелек үстелдер мен семинарларда «Азық-түліктің экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуді реттеу және оның тетіктері», «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын реттеу мәселелері» тақырыптарында баяндалады. Сондай-ақ, Астана қаласының қоғамдық кеңесінің отырысында «Өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбындағы диалог алаңында «Астана қаласының индустриалды зонасының концепциясы» талқыланып, әлеуметтік маңызы бар

азық-түлік тауарларына қатысты ұсыныстар берілді.

«Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің «Аграрлық нарық проблемалары» теориялық және ғылыми-практикалық журналының 2023 жылғы 4 санында «Қазақстан Республикасының астық секторындағы өндірістік процестерді модельдеу: жаңа шешімдер» мақаласы жарияланды [3].

Магистрлік жобаның құрылымы мен көлемі:

Магистрлік жобаның құрылымы бөлімдерге нақты бөлуді көздейді. Кіріспе зерттеудің контекстін белгілейді, оның өзектілігін негіздейді және жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтайды. Жобаның негізгі бөлімі үш бөлімнен тұрады: біріншісі Қазақстан Республикасындағы азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйесін талдауға арналған, екіншісі осы саладағы шетелдік тәжірибені зерделеуге арналған, ал үшіншісі - нарықты жақсарту бойынша ұсыныстарды ұсынады. бағаны тұрақтандыру механизмдерін басқару. Қорытындыда негізгі қорытындылар мен ұсыныстар бар.

Тақырыпты зерттеу дәрежесі:

Азық-түлік өнімдері бағасын тұрақтандыру мен азық-түлік қауіпсіздігі, соның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарды қолдау мәселелері әлемдік және ұлттық экономикалық ғылымда белсенді зерттелуде. Алайда, осы саладағы білім көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасын тұрақтандыруды неғұрлым тереңірек зерттеуге қажеттілік бар.

Сонымен қатар, жоба шетелдік тәжірибені талдауды және Қазақстан Республикасында пайдалануға бейімделуі мүмкін озық тәжірибелерді анықтауды көздейді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Азық-түлік қауіпсіздігі ұғымы алғаш рет 1974 жылы 1972-1974 жылдардағы әлемдік астық дағдарысынан туындаған Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі конференциясында ұсынылды.

Азық-түлік қауіпсіздігі барлық елдер үшін жаһандық проблема болғандықтан, 1996 жылы қарашада Италия астанасы Римде Біріккен Ұлттар Ұйымы өткізген саммит өтті, онда мемлекеттер басшылығы деңгейінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Саммит нәтижесінде бүкіл әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігі туралы Рим декларациясы қабылданды. Осы декларацияға сәйкес, мемлекет басшылары азық-түліктің физикалық және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, көп қырлы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық шараларды толықтыру және нығайту бойынша бірқатар міндеттемелер қабылдады:

- біз кедейлік пен теңсіздікті жоюға және барлығына кез-келген уақытта жеткілікті және қауіпсіз азық-түлікке физикалық және экономикалық қолжетімділікті жақсартуға және оны тиімді пайдалануға бағытталған саясатты жүргізетін боламыз [4].

Отандық ғалымдар азық-түлік қауіпсіздігі туралы көптеген зерттеулер жүргізіп, оның ішінде оның экономикалық қолжетімділігіне де мән берген.

С. Мизанбекова, Б. Калыкова, А. Джумабаева Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің критерийлері мен көрсеткіштерін зерделеп, азық-түлікпен қамтамасыз етуді бағалау әдістерін талдап, макроэкономикалық жағдай мен өндіріс тиімділігіне қатысты мәселелерді қарастырды, сонымен қатар халықтың табыс деңгейін бағалады. Зерттеулерінің маңызды аспектісі Қазақстанда осыған ұқсас жүйені әзірлеу және енгізу мақсатында басқа елдердің ұлттық дистрибьюторлық желі мен көтерме тарату орталықтарын құру тәжірибесі зерделенген [5].

К. Тиреуов, С. Мизанбекова, И. Мизанбеков ұлттық қауіпсіздік үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын тоқталып, халықтың осал топтарын қолдауға және тұрақты тамақтануды қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-экономикалық шаралардың қажеттілігін атап көрсетеді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығын үйлестірілген мемлекеттік қолдаудың және аграрлық секторды дамытудың тиімді стратегиясын әзірлеудің маңыздылығы атап өтіледі [6].

С. Капанова, А. Гиззатова, С. Есенғалиева халықтың кірістері мен шығыстарын, жұмыспен қамту құрылымын және азық-түлікті тұтыну деңгейін талдау арқылы Қазақстанда азық-түлікке қолжетімділік мәселелері қарастырады. Азық-түлік шығындарының жоғары үлесі халықтың табысын арттыру және азық-түлікке қолжетімділікті арттыру үшін шараларды талап ететіні айтады [7].

А. Сейсинбинова жаһандану жағдайында азық-түлік қауіпсіздігінің маңыздылығына назар аударады. Ол осы тұжырымдаманың негізгі аспектілерін

анықтап, Қазақстан Республикасындағы халықтың өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейін талдайды. Осы мақсатта үй шаруашылықтарының тұтыну құрылымы, кірістері мен шығыстары туралы деректер пайдаланылады және тұтынудың сандық жеткіліктілігін бағалау жүргізіледі. Автор азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі халықтың тиімді сұранысына және азық-түлік бағасына байланысты екенін атап көрсетеді [8].

Г.К. Кошеббаева, Н.А. Алпысбаева, В.В. Бирюковтың «Анализ и перспективы продовольственной безопасности Республики Казахстан» мақаласы мемлекеттің тұрақтылығы үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығына қатысты мәселелерге шолу болып табылады. Автор ауыл шаруашылығы саласының жағдайының халықтың өмір сүру деңгейіне әсерін зерттеп, осы мақсатқа жету үшін ұлттық экономиканы дамыту қажеттігін көрсетеді. Жұмыстың негізгі тұстары халықтың ең осал топтарын қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық шараларды талдау, аграрлық секторды дамытудың тиімді стратегиясын әзірлеу бойынша ұсыныстарды қамтиды [9].

Ресей ғалымы К.Г. Бородин «Экономическая доступность продовольствия: факторы и методы оценки» мақаласы санкциялар мен эмбарголардың әсері контекстінде халықтың азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелерін қарастырады. Автор экономикалық қолжетімділікті бағалау әдістерін талдап, халықтың кірісі мен азық-түлік бағасына негізделген өз әдістемесін ұсынады [10].

С. Сушенцова азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл қолжетімділіктің жоғары деңгейі қоғамның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін деңгейде халықтың азық-түлікке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мемлекеттің мүмкіндігін күшейтеді. Бұл көрсеткіш әртүрлі әлеуметтік топтардың азық-түлік нарығында азық-түлік өнімдерін қолданыстағы баға мен кіріс деңгейінде тиісті мөлшерде сатып алу мүмкіндігімен, сондай-ақ жеке учаскелер мен бақша учаскелерінен өнімді жинау арқылы сипатталады [11].

Бұл әдебиеттік шолу азық-түлік қауіпсіздігі тақырыбын зерттеу және сәйкес стратегиялар мен саясаттарды әзірлеу үшін пайдалы.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі тек АӨК саласының алдындағы міндет емес, ол жалпы экономикалық, әлеуметтік, саяси тіпті ұлттық қауіпсіздікке қатынасты мәселе. Себебі күнделікті азық-түлік өнімдерінің физикалық қолжетімділігі аштықты болдырмау мақсатында ұйымдастырылса, экономикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету шаралары әлеуметтік осал топтарға бағытталады, ал, азық-түлік өнімдері сапасын қадағалау мәселесі жалпы ұлттың денсаулығын сақтау үшін жүзеге асырылады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Жұмыста қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін нормативтік құқықтық актілерді зерттеу, экономикалық талдау, статистикалық және нормативтік құқықтық базаларды зерттеу әдістері, тәжірибеден өту барысында жинақталған ақпараттарды талдау, сондай-ақ бастапқы ақпаратты жинау үшін сауалнама әдістері қолданылады.

Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын

тұрақтандыру жағдайын бағалау екі әдіспен жүргізіледі. Біріншісі сұхбат жүргізу арқылы социологиялық әдіс болса, екіншісі бұқаралық ақпарат құралдарын контент талдау.

Сұхбат: азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселелері мен ұсыныстары, мемлекеттік органдардың функцияларын жетілдіру және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу туралы сапалы деректерді жинау үшін ауыл шаруашылығы нарығының сарапшыларымен және қатысушыларымен, яғни мүдделі тараптармен құрылымдық сұхбаттар өткізу.

Әлеуметтік желіде контент талдау: азық-түлік бағасын тұрақтандыру тақырыбымен байланысты әлеуметтік желілердегі жарияланымдар мен пікірталастардың мазмұнын талдау. Бұл әдіс бізге қоғамдық пікірді бағалауға, негізгі тақырыптар мен трендтерді анықтауға және баға саясаты туралы пікірталасқа қоғамдық бірлестіктердің, тауар өндірушілер мен эксперттердің қатысу дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Екі әдіс те азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселелері туралы жан-жақты және терең ақпарат алуға, мүдделі тараптардың көзқарастарын түсінуге көмектеседі. Әлеуметтік желінің мазмұнын талдау бұл деректерді толықтырады, себебі онлайн ортадағы қоғамдық көңіл-күй мен пікірлерін білуге мүмкіндік береді.

Нәтижесінде бұл зерттеу Қазақстан Республикасындағы азық-түлік бағасын тұрақтандыруға қосқан үлесін қамтиды, бұл өз кезегінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және халықтың өмір сүру сапасын сақтауды қамтамасыз етеді.

1-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІ

1.1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасында азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктері қолданыстағы заңнамалар мен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес биліктің орталық және жергілікті деңгейдегі ұйымдарының өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады [12-21].

Орталық деңгейде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті,

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитетінің департаменттері, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті жүргізіліп жатқан жұмыс саясатын айқындайды және бақылауды жүзеге асырады, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі Агенттіктің Ұлттық статистика бюросы шешімдер қабылдайды Қазақстан Республикасы баға мониторингін жүргізеді және өз ресурстарында жариялайды. Жергілікті деңгейде Ауыл шаруашылығы басқармасы, Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бағаны тұрақтандыру саясатын жүзеге асырады.

Бекітілген мемлекеттік органдардың ережелерінде әрбір ұйымның азық-түлік бағасын тұрақтандыруға қатысты бақылау мен мониторинг жүргізу, саясатты анықтау мен шешім қабылдау, бағаны тұрақтандыру саясатын жүзеге асыру бойынша функциялар қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ережесіне сәйкес 25 функция азық-түлік тауарларының бағасын реттеуге қатысты. Соның ішінде жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында өңірлер аралығында азық-түлік тауарларының қолда бар қорын есепке алу нысаны мен есеп беру тәртібін дайындайды, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру шараларын іске асыратын мамандандырылған ұйымдар тізімін және ол тетіктерді іске асырудың үлгілік қағидаларын, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мемлекеттік мониторингінің жоспарын, астықтың резервтік қорын басқару, астық нарығына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді, ел ішінде нарықты реттеуге ықпал ету мақсатында АӨК саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеу қағидасын дайындайды, кепілдендірген сатып алу мен оларды сату бағалары айқындалатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізімін дайындайды, мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатынасатын ауыл шаруашылығы құрылымдарына қойылатын қарсы міндеттемелерінің нысанын әзірлейді және оларды бекітеді. Сонымен қатар, АӨК өнімдерінің көрме, жәрменкелерімен қатар, олардың қозғалысы жүйесін ұйымдастырады және астық нарығына, азық-түлік тауарлары бағаларына, нарығына, жалпы азық түлік қауіпсіздігіне мониторинг жүргізеді. Ішкі

нарықтағы бағаны тұрақтандыру мақсатында астық нарығындағы операторға резервтік қорын сақтау бойынша шығыстарын өтейді. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган мен бірлесе отырып жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге шектеу енгізу, тиым салу, квоталар енгізеді және оны бөледі, лицензиялар беру бойынша шараларды атқарады.

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі, Сауда комитеті мен өңірлердегі департаменттер әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасына тікелей және жанама әсер ететін 23 функцияны атқарады. Тікелей әсер етуші негізгі қызметтеріне тоқталатын болсақ, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін анықтап оны бекітуден бастап, олардың бағасына мониторинг жүргізеді. Елімізде өндірілетін немесе сырттан тасымалдап әкелінетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төменгі көтерме, шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағаларын белгілеу тәртіптерін дайындап, бекітеді. Бұл шараларды атқару үшін нарықта қалыптасқан бағаларға макроэкономикалық талдау жүргізеді, бөлшек сауданың шекті баға мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша шараларды қабылдайды (әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс қозғау және қарау, әкімшілік жазалар қолдану). Сондай-ақ, ел ішінде сауда, демпинг саясатына қатынасты саясатты жүзеге асырып, тергеп тексеру шараларын жүзеге асырады, сауда инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстар әзірлей отырып, тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты мен импортына рұқсаттар береді. Көтерме тарату орталықтарына қойылатын талаптарды дарялап, бекіту және жәрмеңкелер өткізуге бастама жасау мен ұйымдастыру. Бөлшек саудада азық-түлік тауарларының табиғи кему нормаларын белгілей отырып, ішкі нарықты қорғау бойынша қажетті шараларды қабылдау.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің ережесінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын реттеуге әсер ететін 9 функция қарастырылған. Негізінен бұл қызметтер реттеушілік шараларды қамтиды, яғни қоғамдық маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге қатысты баға белгілеу немесе төмендету, оларға қатысты тарифтер мен қызметтер бағаларын реттеу шараларын атқарады. Нарық субъектілері баға бөгілеу тіртіптерін сақтамаған жағдайда мемлекеттік бақылау нәтижесімен ұйғарымдар шығарып, әкімшілік жауапкершілікке тартып, қажеттілікке қарай істі сотқа жолдайды. Тауар өндірушілер тарапынан азық-түлік тауарларына бағаның алдағы көтерілуі туралы хабарламаларын қарастырып, жария тыңдау өткізеді. Сондай-ақ, отандық тауар өндірушілерді қорғау мақсатында демпингке қарсы үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау шаралараны жүргізу үшін сауда қызметі саласындағы уәкілетті органның қажеттілігіне қарай, сұратуына байланысты ақпараттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы ережесінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына қатынасты 3 функция қарастырылған. Яғни,

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына қалыптасқан бағаларды тіркеу қағидаларын дайындап, бекіту және оны жүзеге асыру. Сонымен қатар, отандық тауар өндірушілерді қорғау мақсатында демпингке қарсы үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау шаралараны жүргізу үшін сауда қызметі саласындағы уәкілетті органның қажеттілігіне қарай, сұратуына байланысты ақпараттарды ұсыну.

Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасымен ережеге сәйкес 10 функция қарастырылған. Олар жәрменкелер өткізу, көтерме сауда базарларын ұйымдастыру, өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру мен мамандандырылған кәсіпорыннан қызметті сатып алу, өнімдерді кепілді сатып алу бойынша нормативтерді бекіту, ішкі нарықты реттеу мақсатында болған ұлттық компания шығындарын субсидиялау, азық-түлік тауарлары теңгерімі мен қауіпсіздігінің жай-күйөне мониторинг жүргізіп, сәйкесті комиссия жұмыстарының отырыстарын ұйымдастыруды қарастырады.

Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасымен 1 функция, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерін мониторингілеуді және бақылауды жүзеге асыру қарастырылған. Осыған сәйкес әлеуметтік-маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізіп, баға көтерілген жағдайда нақты өнімнің түріне бөлшек сауда бағасының шекті мәндерін және оның бөлшек сауда бағасының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу бойынша шаралар қабылдайды.



1-сызба – Қазақстан Республикасында азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйесі.

Ескертпе: Автормен [12-21] дерекөздер негізінде құрастырылған.

1.2. ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығымен бекітілген [22].

1-кесте - Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі

Р/с №	Тауардың атауы
1	2
1	Бірінші сортты бидай ұны
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)
3	Рожки (өлшеніп салынатын)
4	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)
5	Тазартылған күріш (домалақ дән, өлшеніп салынатын)
6	Картоп
7	Асханалық сәбіз
8	Басты пияз
9	Ақ қауданды қырыққабат
10	Ақ қант – құмшекер
11	Күнбағыс майы
12	Сыыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада
15	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)
17	Тауық жұмыртқасы (I санатты)
18	Ас тұзы («Экстра»-дан басқа)
19	Сүзбе: майлылығы 5-9%
Ескертпе: Кесте [22] дереккөзден алынған	

Адам ағзасына қажетті азық-түлік тауарларының түрлері бойынша 1 адамға арналған жылдық тұтынудың орташа тиімді нормалары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 «Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген.

Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары тізімнің ішінен 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының түрлері бойынша жылдық тұтыну нормалары 2-кестеде үзінді кесте түрінде көрсетілген [23].

2-кесте - 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының түрлері бойынша жан басына шаққандағы тұтынудың орташа тиімді нормалары

№	Өнім атаулары	килограмм /жыл
1	Бірінші сортты бидай ұны	9
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	28
3	Рожки (өлшеніп салынатын)	2,4
4	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	7,4
5	Тазартылған күріш (домалақ дөңді, өлшеніп салынатын)	8,4
6	Картоп	100
7	Асханалық сәбіз	23
8	Басты пияз	16
9	Ақ қауданды қырыққабат	24
10	Ақ қант – құмшекер	17
11	Күнбағыс майы	12
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	20
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	16
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	45
15	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	46
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%)	4,7
17	Тауық жұмыртқасы, жылына дана	265
18	Ас тұзы иодталған	1,5
19	Сүзбе	10,1

Ескертпе: Кесте автормен [23] дереккөз негізінде құрастырылған.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін анықтау үшін алдымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының түрлері бойынша 1 адамға арналған жылдық тұтынудың орташа тиімді нормаларын халық санына көбейту арқылы еліміз бойынша әр өнімнің физиологиялық нормаға сәйкес ішкі тұтыну көлемінің қажеттілігі анықталады.

$$\text{ФІТК} = \text{ЖТОТН} * \text{ХС} \text{ (1-ші формула)}$$

мұнда:

ФІТК - азық-түлік тауарларын физиологиялық ішкі тұтыну көлемі;

ЖТОТН - жылдық тұтынудың орташа тиімді нормасы;

ХС – халық саны.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес халық саны:

2021 жылдың 1 қаңтарына – 18 879 552 адам.

2022 жылдың 1 қаңтарына – 19 503 159 адам.

2023 жылдың 1 қаңтарына – 19 766 807 адам [24].

3-кесте - 2021-2023 жылғы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемінің қажеттілігі

№	Атауы	1 адамға жылдық тұтынудың орташа тиімді нормасы	2021 жыл, тонна	2022 жыл, тонна	2023 жыл, тонна
1	Картоп	100	1 887 955,2	1 950 315,9	1 976 680,7
2	Сәбіз	23	434 229,7	448 572,7	454 636,6
3	Пияз	16	302 072,8	312 050,5	316 268,9
4	Қырыққабат	24	453 109,2	468 075,8	474 403,4
5	Бидай ұны	9	169 916,0	175 528,4	177 901,3
6	Нан	28	528 627,5	546 088,5	553 470,6
7	Күріш	8,4	158 588,2	163 826,5	166 041,2
8	Макарон	2,4	45 310,9	46 807,6	47 440,3
9	Қарақұмық жармасы	7,4	139 708,7	144 323,4	146 274,4
10	Күнбағыс майы	12	226 554,6	234 037,9	237 201,7
11	Сүт	45	849 579,8	877 642,2	889 506,3
12	Ашытылған сүт өнімдері	46	868 459,4	897 145,3	909 273,1
13	Сары май	4,7	88 733,9	91 664,8	92 904,0
14	Сиыр еті	20	377 591,0	390 063,2	395 336,1
15	Тауық жұмыртқасы, мың дана	265	5 003 081,3	5 168 337,1	5 238 203,9
16	Тұз	1,5	28 319,3	29 254,7	29 650,2
17	Құс еті, оның ішінде тауық еті	16	302 072,8	312 050,5	316 268,9
18	Ірімшіктер мен сүзбе	10,1	190 683,5	196 981,9	199 644,8
19	Қант	17	320 952,4	331 553,7	336 035,7

Ескертпе: Кесте автормен [23, 24] дереккөздер негізінде құрастырылған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 3-тарауының 19-3 бабының 5-тармағына сәйкес отандық азық-түлік тауарларының халықтың физиологиялық тұтыну нормаларына сәйкес жылдық қажеттілігінің сексен пайызынан төмен болса, онда азық-түлік тауарларының түрі бойынша тәуелсіздігі қамтамасыз етілмеген болып саналады [12].

Азық-түлік тауарларының қажеттілігінің отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілу деңгейі пайызбен азық-түлік тауарларын отандық өндіру көлемінің заттай түрдегі көлемі азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлеміне қатынасы ретінде есептеледі.

$$ОӨҚ = \frac{ООК}{ІТК} \% \text{ (2-ші формула)}$$

мұнда:

ОӨК – отандық өндіріс көлемі есебінен қамтылу;

ОӨК – отандық өндіріс көлемі;

ФІТК - азық-түлік тауарларын физиологиялық ішкі тұтыну көлемі.

4-кесте - 2021-2023 жылы азық-түлік тауарларының физиологиялық қажеттілігінің отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуі

№	Атауы	Өндірілген көлем, тонна			Қамтамасыз етілу, %		
		2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1	Бидай ұны	3 093 527	3 318 172	3 275 634	1820,6	1890,4	1841,3
2	Тұз	222 656	222 656	356 262	786,2	761,1	1201,6
3	Пияз	1 059 600	1 114 487	1 127 996,9	350,8	357,1	356,7
4	Макарон	159 760	166 101	156 444	352,6	354,9	329,8
5	Күнбағыс майы	331 128	537 149	672 112	146,2	229,5	283,4
6	Картоп	4 031 582	4 080 469	3 788 117,8	213,5	209,2	191,6
7	Сиыр еті	540 216	533 249	544 304,4	143,1	136,7	137,7
8	Күріш	210 686	223 935	205 096	132,9	136,7	123,5
9	Сәбіз	624 556	621 400	557 079	143,8	138,5	122,5
10	Қырыққабат	557 049	551 450	547 626,1	122,9	117,8	115,4
11	Құс еті, оның ішінде тауық еті	272 606	293 172	328 566,5	90,2	94,0	103,9
12	Тауық жұмыртқасы, мың дана	4 814 669	5 027 086	4 919 897,3	96,2	97,3	93,9
13	Нан	527 163	518 626	506 578,0	99,7	95,0	91,5
14	Сүт	611 047	573 323	598 679,0	71,9	65,3	67,3
15	Қант	226 791	282 894	222 900	70,7	85,3	66,3
16	Сары май	27 176	24 850	31 123,0	30,6	27,1	33,5
17	Ашытылған сүт өнімдері	232 170	230 132	228 460	26,7	25,7	25,1
18	Ірімшіктер мен сүзбе	36 963	36 773	43 855,0	12,2	11,8	13,9
19	Қаракұмық жармасы	31 001	31 000	20 225	22,2	21,5	13,8

Ескертпе: Кесте автормен [23, 24] дереккөздер негізінде құрастырылған.

4-кестеде көрсетілгендей 2023 жылдың қорытындысымен азық-түлік тауарларының 11 түрі (бидай ұны, тұз, пияз, макарон, күнбағыс майы, картоп, сиыр еті, күріш, сәбіз, қырыққабат, құс еті) бойынша отандық өндіріс есебінен толықтай, 2 түрі (тауық жұмыртқасы мен нан) бойынша 80-100% аралығығында, ал 6 түрі бойынша 80% дейін қамтылып отыр.

Қамтылу пайызы төмен азық-түлік өнімдерінің ішінде сүт 67,3%, қант 66,3%, сары май 33,5%, ашытылған сүт өнімдері 25,1%, ірімшіктер мен сүзбе

13,9%, қарақұмық жармасы 13,8%. Бұл өнім түрлері бойынша өнім өндірісі көлемдерінің соңғы үш жылдағы ауытқулары байқалады, соның ішінде қант өндірісі есебінен қамтылудың 2022 жылы 85,3% дейін көтеріліп, 2023 жылы кері 66,3% дейін кеміп кеткен.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрін қоса алғанда, азық-түлік тауарларының негізгі түрлері бойынша ішкі нарықтың отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуі 80% және одан да көп пайызға арттыру қарастырылған. Концепцияда алма, құс еті, шұжық өнімдері, ірімшік пен сүзбе, қант және балық бойынша өндіріс көлемдері 80% төмен екендігі көрсетіліп, межелі 2030 жылы қант өндірісін 83% жеткізу, қалған өнімдер бойынша толықтай 100 пайыз қамтамасыз ету жоспарланған [25].

Физикалық қолжетімділікті анықтау үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2021 жылғы 14 маусымдағы №184 бұйрығымен Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдарын бекітілген. Әдістемеде де азық-түлік тәуелсіздігі отандық өндіріс көлемі есебінен ішкі тұтынудың кемінде 80% қамтылса, қамтамасыз етілген болады деп көрсетілген [26].

Әдістемеге сәйкес азық-түлік тауарларымен әр түрі бойынша қамтамасыз етілу деңгейі келесідей формуламен айқындалады.

$$АТҚД = \frac{\Theta_k}{I_{тк}} * 100\% \text{ (3-ші формула)}$$

мұнда:

АТҚД - Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейі;

Θ_k – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемі;

$I_{тк}$ – азық-түлік тауарларын ішкі тұтыну көлемі.

Ал бұл жердегі азық-түлік тауарларының нақты ішкі тұтыну көлемін табу үшін отандық өндірістен экспорт көлемін шегеріп, импорттан келген көлемді қосу формуласы пайдалану қажет.

$$НІТ = \Theta_k + I_k - Э_k \text{ (4-ші формула)}$$

мұнда:

НІТ - азық-түлік тауарларының нақты ішкі тұтыну көлемі;

Θ_k – азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемі;

I_k – азық-түлік тауарлары импортының көлемі;

$Э_k$ – азық-түлік тауарлары экспортының көлемі.

Яғни, бұл жерде физиологиялық нормаға қатыспай нақты ішкі нарықта импорт пен экспортты ескере отырып нақты тұтынылған көлем мен отандық

өндірістегі көлемнің арақатынасы нәтижесімен азық-түлік тәуелсіздігінің деңгейі анықталады. Осы формуламен азық-түлік тауарларының балансы да есептеледі.

Жетіспейтін көлем шет елдерден импортталу арқылы қажеттілік қамтамасыз етіледі. Нақты белгілі бір азық-түлік тауары бойынша импортқа тәуелділік деңгейін есептеп шығаруға болады.

Ол үшін азық-түлік тауарларының нақты ішкі тұтыну көлемін анықтап алған соң оның ішіндегі импорттың үлесін анықтау үшін келесі формула қолданылады.

$$\text{АТИҮ} = \frac{\text{Ик}}{\text{НІТ}} * 100\% \text{ (5-ші формула)}$$

мұнда:

АТИҮ - азық-түлік тауарлары импортының үлесі;

Ик – азық-түлік тауарлары импортының көлемі;

НІТ – азық-түлік тауарларының нақты тұтынуы.

Әдістемеге сәйкес 2023 жылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының түрлері бойынша нақты ішкі тұтыну көлемі, импорты, экспорты мен оның отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілу деңгейін 5-кестеден көруге болады.

5-кесте - 2023 жылдың қорытындысы бойынша негізгі азық-түлік тауарлары түрлермен қамтамасыз ету жөніндегі ақпарат

№	Атауы	Өндірілуі, тонна	Экспорт*, тонна	Импорт*, тонна	Нақты тұтыну, тонна	Ішкі тұтытудағы импорттың көлемі, %	Отандық өндіріс есебінен қамтамасыз ету, %
1	Бидай ұны	3 275 634	1 958 400	53 610	1 370 844	3,9	239,0
2	Тұз	356 262	231 384	24 332	149 210	16,3	238,8
3	Күріш	205 096	115 807	29 219	118 508	24,7	173,1
4	Күнбағыс майы	672 112	372 797	89 446	388 761	23,0	172,9
5	Картоп	3 788 118	411 433	54 905	3 431 590	1,6	110,4
6	Макарон	156 444	50 936	36 220	141 728	25,6	110,4
7	Сиыр еті	544 304	15 768	11 347	539 883	2,1	100,8
8	Нан	506 578	-	-	506 578	-	100,0
9	Сәбіз	557 079	18 689	26 016	564 406	4,6	98,7
10	Тауық жұмыртқасы, мың дана	4 919 897	175 900	286 900	5 030 897	5,7	97,8
11	Сүт	598 679	4 365	31 775	626 089	5,1	95,6
12	Қарақұмық жармасы	20 225	2 788	3 783	21 220	17,8	95,3
13	Қырыққабат	547 626	15 390	45 409	577 645	7,9	94,8
14	Пияз	1 127 997	117 312	199 382	1 210 067	16,5	93,2

5-кестенің жалғасы

15	Ашытылған сүт өнімдері	228 460	6 952	37 649	259 157	14,5	88,2
16	Сары май	31 123	1 624	8 943	38 442	23,3	81,0
17	Құс еті, оның ішінде тауық еті	328 567	31 490	152 464	449 541	33,9	73,1
18	Ірімшіктер мен сүзбе	43 855	3 019	55 190	96 026	57,5	45,7
19	Қант	222 900	19 025	302 990	506 865	59,8	44,0
Ескертпе: Кесте автормен [24, 27] дереккөздер негізінде құрастырылған.							

Отандық өндіріспен қамтылу деңгейлері әр жыл сайын халық санының өсуіне байланысты тұтыну көлемінің және өндірілген көлемнің жыл сайынғы ауытқуына байланысты өзгеріп отыратыны белгілі. Келесі 6-кестеде 2021-2023 жылдары ішкі нарықтың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен отандық өндіріс есебінен қамтылуын көруге болады.

6-кесте - 2021-2023 жылдары ішкі нарықтың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен отандық өндіріс есебінен қамтылуы

№	Атауы	Қамтамасыз ету деңгейі, %		
		2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
1	Бидай ұны	186	236	239
2	Тұз	100	100	238,8
3	Күріш	220	177	173,1
4	Күнбағыс майы	99	134	172,9
5	Картоп	103	104	110,4
6	Макарон	124	123	110,4
7	Сиыр еті	98	102	100,8
8	Нан	100	100	100
9	Сәбіз	92	90	98,7
10	Тауық жұмыртқасы	101	101	97,8
11	Сүт	101	98	95,6
12	Қаракұмық жармасы	112	111	95,3
13	Қырыққабат	89	86	94,8
14	Пияз	89	93	93,2
15	Ашытылған сүт өнімдері	89	89	88,2
16	Сары май	98	86	81,0
17	Құс еті	65	68	73,1
18	Ірімшіктер мен сүзбе	56	53	45,7
19	Қант	43	51	44
Ескертпе: Кесте автормен [24, 27] дереккөздер негізінде құрастырылған.				

2023 жылдың қорытындысымен отандық өндіріс есебінен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрінің 16 түрі бойынша ішкі

нарықтың қамтамасыз етілуі 80 және одан да көп пайызды құрайды.

Оның ішінде 8 тауар позициясы бойынша ішкі нарық 100% қамтамасыз етілген (бидай ұны, тұз, күріш, күнбағыс майы, картоп, макарон, сиыр еті, нан), 8 азық-түлік тауарлары бойынша қамтамасыз етілуі 80%-100% аралығында (сәбіз, тауық жұмыртқасы, сүт, қарақұмық жармасы, қырыққабат, пияз, ашытылған сүт өнімдері, сары май).

Жекелеген тауарлар бойынша ішкі тұтытудағы отандық өндірістің үлесі әлі де аз, яғни 80% дейінгі деңгейде қалып отыр. Атап айтқанда, олар - құс еті (73,1%), ірімшіктер мен сүзбе (45,7%), қант (44%).

Нақты ішкі тұтыну көлемі мен физиологиялық нормаларға сәйкес қажеттілікте айырмашылықтардың бар екендігін 3 және 5 кестелерден көруге болады. Сәйкесінше өнім түрлері бойынша өндірілген көлеммен қамтамасыз етілу көлемдері де екі түрлі шығып отыр. Оған халықтың азық-түлік тауарларын тұтыну мәдениеті мен қайта өңдеуші кәсіпорындардың шикізатқа деген қажеттіліктері де әсер етеді.

Мысалы отандық өндіріс есебінен физиологиялық норма бойынша қажетті көлемнің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің 6 түрі (сүт, қант, сары май, ашытылған сүт өнімдері, ірімшіктер мен сүзбе, қарақұмық жармасы) бойынша 80% дейін қамтылмаса, нақты тұтыну көлемі бойынша 3 түрі (қант, ірімшіктер мен сүзбе, тауық еті) қамтылмай отыр.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірінші кезекте физикалық қолжетімділік болуы қажет. Содан кейін ғана экономикалық қолжетімділік, яғни азық-түлік бағасы мәселесін қарастыруға болады.

Сондықтан Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына аясында осы азық-түлік өнімдерімен қамтылу деңгейі төмен немесе импортқа тәуелді түрлері бойынша отандық өніммен қамтылу көлемін кемінде 80% жеткізу үшін қажетті іс-шаралар, арзандатылған несиелер мен субсидиялау бойынша мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған. Өңірлердегі кәсіпкерлік корпорациялар арқылы басым бағыттағы инвестициялық жобаларды Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесімен жылдық жарнасы 2,5% қаржыландыру шаралары қолға алынған. 2023 жылы бұл бағытта Республикалық бюджеттен 100 млрд. теңге қаражат бөлініп жалпы өндірістік қуаттылығы 373 мың тоннаны құрайтын 65 сүт-тауарлы ферманың құрылысын қаржыландыруға бағытталды, бұл импортқа деген тәуелділікті 11% дейін төмендетеді деп болжануда.

Қант өндірісін дамыту мақсатында мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2022-2026 жылдарға арналған қант саласын дамытудың Кешенді жоспары дайындалған. Жоспарға сәйкес жылдық қант өндірісінің көлемін 250 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда, ол тәуелділікті 50% дейін кемітуге мүмкіндік береді.

Етті бағыттағы құс шаруашылығында 3 жыл ішінде 27 жобаны іске асыру жоспарлануда, олардың шамамен жылына 255 мың тонна құс етін өндіретін болады, нәтижесінде 2027 жылы импортқа тәуелділік толығымен жойылады [28].

Сонымен қатар, нарық пен өндірісте жүргізілген талдау қортындысымен уәкілетті органдармен әдеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішінен жекелеген тауарлардың экспортына және (немесе) импортына тыйым салу мен сандық шектеулер енгізу және белгілі бір мерзімге нақты белгіленген көлеміне квота белгілеу арқылы да ішкі нарықтағы физикалық қолжетімділікті реттеу бойынша шаралар қабылданады.

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру – бұл халық үшін азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету. Түпкілікті өнім бағасының қалыптасуына жыл сайын шығын материалдарынан бастап өндіріске қажетті негізгі қорларға (шикізат, машиналар, тұқымдар, отын, қосалқы бөлшектер, өнімділігі жоғары генетикалық аталық малдар және т.б.) деген бағаның көтерілуі әсер етеді. Сонымен қатар, қызметкерлердің жалақысы, әлеуметтік және салық шегерімдері де бар. Бұл жағдайда экономиканың барлық салаларында орын алып отырған инфляция азық-түлік бағасынан да көрінетіні сөзсіз.

Инфляцияның Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы «30» желтоқсандағы № 230 бұйрығымен бекітілген Тұтыну бағасының индексіні құру әдіснамасына сәйкес тауарлар мен қызметтердің тұтыну қоржынындағы бағаның орташа өлшемінің өзгеруін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексімен анықталатыны белгілі [24].

Ол үшін тұтыну қоржынындағы 508 тауарлары мен қызметтер бағасы және тарифтерінің өзгеруі бақыланады, соның ішінде 160 азық-түлік тауарлары (соның ішінде әлеуметтік маңызы бар), 243 азық-түлік емес тауарлар мен 105 ақылы қызметтердің түрі. Қазақстан Республикасында 2019-2023 жылдардың қортындысымен қалыптасқан инфляцияның динамикасы келесідей қалыптасқан.

7-кесте - Тұтыну тауарлары мен қызметтер бағасының және тарифтерінің индексі

	<i>пайызбен</i>				
	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер	105,4	107,5	108,4	120,3	109,8
Азық-түлік тауарлары	109,6	111,3	109,9	125,3	108,5
Азық-түлік емес тауарлар	105,0	105,5	108,5	119,4	109,1
Ақылы қызметтер	100,7	104,2	106,5	114,1	112,4
Ескертпе: Кесте автормен [24] дереккөз негізінде құрастырылған.					

7 - кестеде көрініп тұрғандай 2019-2022 жылдары жалпы инфляцияның өсіміне негізгі әсер етуші азық-түлік тауарларының инфляциясы болып тұр. 2022 жылдың қорытындысымен еліміз бойынша инфляцияның деңгейі 20,3% құраса, соның ішінде ең үлкен үлес қосқан азық-түлік өнімдері бағасының өсімі 25,3%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 19,4%, ақылы қызметтер 14,1%.

Қазақстан Республикасы Премьер министрінің ресми ақпараттық ресурсында жарияланған ақпаратқа сәйкес 2022 жылы азық-түлік бағасының

өсуі, әсіресе соның ішінде делдалдық схемалардың болуы бұл экономикалық қол жетімділік пен инфляцияға әсер ететіні көрсетіліп, делдалдардың 4-5 буындық тізбегінің болуына байланысты бөлшек сауда өнімдерінің бағасы 60%-ға дейін өсетіні көрсетілген [29].

Ал, 2023 жылы жалпы инфляцияның деңгейі 9,8% құрап, соның ішінде үлесі ең төменгі азық-түлік тауарлары екенін байқауға болады. Алайда инфляция деңгейі төмендегендей болып көрінгенімен Еуразия экономикалық комиссиясымен ұсынылған ресми ақпаратқа сәйкес бұл бір ЕАЭО кеңістігінде орналасқан елдерінің ішіндегі ең жоғарғы инфляцияқ көрсеткіш болып отыр.

8-кесте - 2023 жылға ЕАЭО елдері бойынша тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге тұтыну бағаларының индексі

	<i>пайызбен</i>					
	Армения	Беларус	Қазақстан	Қырғызстан	Ресей	ЕАЭО
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер	99,4	105,8	109,8	107,3	107,4	107,5
Азық-түлік тауарлары	96,5	106,8	108,5	104,7	108,2	107,8
Азық-түлік емес тауарлар	100,1	102,9	109,1	112,2	106,0	106,3
Ақылы қызметтер	103,0	108,1	112,4	109,1	108,3	108,7

Ескертпе: Кесте автормен [30] дереккөз негізінде құрастырылған.

ЕАЭО бойынша 2023 жылы жалпы инфляция деңгейі орташа 7,5% құрады, соның ішінде жоғарыдан төмен қарай Қазақстан 9,8%, Ресей 7,4%, Қырғызстан 7,3%, Беларус елінде 5,8%. Ал, Арменияда керісінше 0,6% дефляция азық-түлік өнімдері бағалары индексінің 3,5% төмендеуі есебінен қалыптасқаны көрініп тұр.

Азық-түлік тауарлары бойынша да осындай жағдай, ЕАЭО бойынша орташа 7,8%, соның ішінде жоғарыдан төмен қарай Қазақстан 8,5%, Ресей 8,2%, Беларус елінде 6,8%, Қырғызстанда 4,7% [30].

Жалпы 2023 жылы инфляция деңгейінің алдыңғы жылдарға қарағанда төмендеуіне әлемде болып жатырған геосаяси жағдайлардың әсер етіп отыр. Соның ішінде ЕАЭО елдері ішіндегі негізгі азық-түлік өнімдерін өндіруші елдердің бірі, Ресейге қатысты шет елдер тарапынан санкциялардың енгізілуіне байланысты алыс шет елдерге экспортталатын көлемнің ЕАЭО мүше елдердің нарығына келуі баға өсімін тежеді. Бірақ бұл жағдайдың салдарынан отандық нарықта кейбір жергілікті тауар өндірушілер өнімдерін өзіндік құн бағасынан төмен деңгейде нарықта сатуға мәжбүр болды. Ал ол отандық тауар өндірушілердің қаржылық тұрақтылығына кері әсер етіп, қолда бар өндірістік қуаттылықтарды жоғалтып алуымызға әкелуі мүмкін.

Қазақстанда Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросымен осы азық-түлік тауарларының ішінде 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға индексі және орташа бағалар» жинақ кітапшасын шығарады. Кітапшадан апта сайын салыстырмалы өткен аптамен және былтырғы жылдың сәйкесті датасымен өңірлер аралығында және әрбір әлеуметтік маңызы бар азық-түлік

тауарының инфляцияға қосқан үлесі мен оларға деген орташа бағаның қалыптасуын көруге болады.

2023 жылдың 28 желтоқсанында жарияланған кітапшадағы ақпараттарға сәйкес Қазақстан Республикасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бір жылдағы баға индексі 103,4% құраған, оған әсер еткен индексі жоғары тауарлар қырыққабат 145,6%, күріш 139,5%, сәбіз 116,1%, айран 113,5%, жұмыртқа 113,4%, сары май мен сүт 113,3%-дан, сүзбе 109,2%, сиыр еті 108,5%, рожки 107,9%, тұз 106,1%, тауық еті 103,1% және бірінші сортты бидай ұнынан пісірілген нан 102,5%. Сол уақытта келесі өнім түрлері бойынша бағалар төмендеп, баға индекстері бірінші сортты бидай ұны бойынша 99,0%, картоп 88,5%, пияз 86%, құмшекер 84,2%, күнбағыс майы 81,9%, қарақұмық жармасы 62% құраған.

Қалалар бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесімен 2023 жылдың 26 желтоқсанына бірінші сортты бидай ұнының бағасы 239 теңге, одан пісірілген нан 187 теңге, рожки 319 теңге, күріш 484 теңге, қарақұмық жармасы 316 теңге, күнбағыс майы 738 теңге, сары май 3931 теңге, сиыр еті 2512 теңге, тауық еті 1280 теңге, сүт 385 теңге, айран 419 теңге, сүзбе 2116 теңге, картоп 136 теңге, сәбіз 168 теңге, пияз 106 теңге, қырыққабат 147 теңге, құмшекер 401 теңге, жұмыртқа 541 теңге, тұз 67 теңге.

Индексі жоғары болған қырыққабат (145,6%) өнімінің өңірлер аралығындағы индексіне тоқталатын болсақ ең жоғары индекс Шымкентте 185,2%, Таразда 180,5%, Жезқазғанда 176,8%, Алматыда 167,4%, Талдықорғанда 157,4%, Астанада 156%, Атырауда 153,3% болса, өсімі төмен индекстер Ақтауда 109,9%, Петропавлда 113,6%.

9-кесте - Қырыққабаттың орташа бағасы мен апталық және жылдық индексі

Қалалар	Бір апта бағасының индексі, %	Бір жылдық баға индексі, %	26.12.2023 ж. баға, теңге
Астана	100,0	156,0	156
Алматы	100,0	167,4	149
Шымкент	100,0	185,2	150
Ақтау	96,4	109,9	189
Ақтөбе	100,0	151,0	145
Атырау	100,0	153,3	164
Жезқазған	100,0	176,8	221
Көкшетау	100,0	148,5	147
Қарағанды	100,0	150,0	135
Қонаев	104,4	134,1	165
Қостанай	100,0	149,0	143
Қызылорда	100,0	136,5	131
Орал	100,0	148,0	148
Өскемен	100,0	150,9	163
Павлодар	100,0	132,0	136
Петропавл	100,0	113,6	125
Семей	100,0	133,0	141
Талдықорған	101,3	157,4	159
Тараз	97,2	180,5	139

9-кестенің жалғасы

Түркістан	100,0	138,2	123
Республика бойынша	100,0	145,6	147
Ескертпе: Кесте автормен [24] дереккөз негізінде құрастырылған.			

2023 жылдың 26 желтоқсанындағы жағдайға қырыққабаттың 1 кг зерттеу жүргізілген қалалар бойынша орташа бағасы 147 теңге болса, жоғары бағалар Жезқазғанда 221 теңге, Ақтауда 189 теңге, Қонаевта 165 теңге, Атырауда 164 теңге, Өскеменде 163 теңге болса, төмен бағалар Түркістанда 123 теңге, Петропавлда 125 теңге, Қызылордада 131 теңге.

Тараз қаласында индекс өсімі 180,5% болғанымен баға 139 теңге болып ең төменгі баға болса, Ақтауда керісінше 109,9%-бен ең төменгі индекс қалыптасқанымен баға 189 теңге болып жоғары бағалардың бірі болып отыр [24].

Себебі бағаның қалыптасуына әр өңірдің табиғи климаттық жағдайы, өндірістік ерекшелігі, сақтау қоймаларының болуы, сауда орындары, инфраструктура мен логистикалық мүмкіндіктердің барлығы өндірістік шығындармен қатар тікелей әсер етуші факторлар болып табылады.

1.3. АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕН ҚОЙМА ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРЫ

Тауарларды сақтау және жіберу процесін ұйымдастыру бойынша бір жерде тауарларды алдын ала сатуға дайындау үшін қажетті барлық қызметтердің шоғырлануын қызметтердің кең спектрін ұсынатын, барлық тауарларды сатушылар үшін КТО маңызды коммерциялық серіктес.

КТО көтерме тауарларды өндірушілер мен импорттаушылардың «кездесу орны», сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін тарату тізбегіндегі делдалдардың санын азайту, жергілікті ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің табысын арттыру, тауарлардың құнын төмендетуге көмектеседі және сапалы азық-түлік өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етеді, бәсекелестікті артырттырады, әділ нарықтық бағаларды қалыптастырушы болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының аумағында 9 жеке КТО жұмыс жасауда:

- ✓ Астана қаласында 2 КТО бар, олар «Continental Logistic» КТО қуаттылығы 43,6 мың тонна және «Rainbow Logistic» ЖШС - 800 тонна;
- ✓ Шымкент қаласында «Continental Logistic Shymkent» КТО - 800 тонна;
- ✓ Абай облысында «Jolaman» КТО - 5,4 мың тонна;
- ✓ Ақтөбе облысында «Бектурова Ж.А.» КТО ЖК - 70 мың тонна;
- ✓ Алматы облысында «ICEBERG Almaty» КТО – 2 мың тонна;
- ✓ Қарағанды облысында «Global City» КТО – 300 мың тонна;
- ✓ Солтүстік Қазақстан облысы «Радуга» КТО ЖШС – 27 мың тонна;
- ✓ Ұлытау облысы «Uly Dala» КТО – 13,8 мың тонна.

Ақтөбе, Абай, Қарағанды, Ұлытау, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында КТО-ны географиялық орналасуы, кәсіпорындардың қол жетімділігі және сатып алу қабілеттілігі тұрғысынан ең тиімді қалалар болып табылады. Ресей мен Қытайға әкелетін автомобиль және теміржол желілерінің болуы осы елдерге азық-түлік өнімдерінің экспортын арттырады.

Сонымен қатар, 2024-2025 жылдары елімізде жаңадан 3 КТО құрылысы жоспарлануда, олар:

1. Атырау облысында 2025 жылы 5400 шаршы метрге орналасатын КТО, тоназыту қоймаларының сыйымдылық көлемі 10 мың тонна, жылы қоймалардың сыйымдылық көлемі 5,4 мың тонна.

2. Маңғыстау облысында 2024 жылы жалпы сыйымдылығы 78 мың тонналық КТО, соның ішінде климаттық – 54 мың тонна, құрғақ – 24 мың тонна.

3. Шығыс Қазақстанда 2024 жылы «Алтай» КТО, 45 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасы, 2,2 мың шаршы метрлік кросс-докинг, 20 мың шаршы метрлік сауда үйі.

КЛО - жүктермен және көлік құралдарымен тасымалдауға ілеспе дайындық, тарату және қорытынды технологиялық операцияларды, оның ішінде қарап-тексеруді орындауға арналған, онда орналасқан құрылыстары бар арнайы бөлінген учаскені қамтитын көлік инфрақұрылымының объектісі.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің, сондай-ақ «KTZ Express» АҚ деректері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 26 КЛО бар, оның ішінде Алматы облысында – 6 КЛО, Астана қаласында – 6 КЛО, Ақтөбе облысында-5 КЛО, Түркістан және Маңғыстау облыстарында-2 КЛО, сондай-ақ Атырау, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларының әрқайсысында 1 КЛО [31].

Жалпы тауар қозғалысының әр кезеңдегі логистикалық шығындары бірдей қашықтықты алғанның өзінде тасымалданатын өнімнің түріне, тасымалды жүзеге асыратын техниканың түріне және маусымдық кезеңге байланысты әр түрлі болып келеді.

Сонымен қатар, тасымалдайтын көлік тауар өндірушілердің меншігінде болса тек тасымалдау шығындары кетеді, ал жалға алынған жағдайда көліктің иесі ол шығындардың үстіне одан бөлек өзінің табысын қосатыны белгілі.

Сондықтан азық-түлік тауарлары қозғалысының әр кезеңдегі логистикалық шығындарының есептеу бөлек зерттеуді қажет ететін тақырып.

Қойма инфрақұрылымдары

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми ұсынған ақпаратына сәйкес 2024 жылдың 1 қаңтарына елімізде жеміс және көкөніс сақтайтын 870 қойма бар. Қоймалардың жалпы сыйымдылығы 1 975,4 мың тоннаны құрайды, оның ішінде 289,5 мың тоннасы тоназыту қондырғыларымен, 1 253,7 мың тоннасы желдеткіш қондырғыларымен жабдықталса, 432,2 мың тонналық қоймалар немесе жалпы сыйымдылықтың 21,9% климатты реттейтін қондырғылармен жабдықталмаған.

Қолда бар қоймалардың сыйымдылығы 2 295,3 мың тонна жалпы қажеттіліктің 86,1% құрайды.

10 – кесте - Көкөніс және жеміс сақтау қоймаларымен қамтылу

Облыс атауы	Қажеттілік, мың тонна	Қолда бары		Қамтылуы, %-бен	2024-2025 ж. жоспар	
		саны, бірлік	сыйымды лығы, мың тонна		саны, бірлік	сыйымдыл ығы, мың тонна
Ақмола	83,1	39	87,1	104,8	2	6,2
Ақтөбе	130,2	30	35,5	27,3	3	13,3
Алматы	45,8	44	85,6	186,7	9	69,2
Атырау	71,9	6	30,2	42,0	2	19,0
Шығыс Қазақстан	90,9	16	63,1	69,5	0	0
Жамбыл	99,1	204	308,6	311,5	1	15,0
Батыс Қазақстан	72,7	54	69,0	94,9	6	34,5
Қарағанды	173,4	138	344,1	198,4	2	32,0
Қостанай	96,9	52	88,2	91,1	2	8,0
Қызылорда	73,5	10	13,3	18,1	4	12,5
Маңғыстау	65,2	4	18,4	28,1	1	20,0
Павлодар	100,2	141	523,6	522,6	0	0
Солтүстік Қазақстан	48,7	58	59,4	122,1	4	39,9
Түркістан	97,6	27	97,6	100,0	3	41,0
Абай	69,7	13	51,9	74,4	0	0
Жетісу	58,4	25	35,5	60,7	0	0
Ұлытау	32,9	0	0	0	2	4,5
Астана қ.	254,6	3	18	7,1	1	8,0
Алматы қ.	406,4	0	0	0	0	0
Шымкент қ.	224,1	6	46,3	20,7	9	34,5
Барлығы	2295,3	870	1975,4	86,1	51	357,6
Ескертпе: Кесте автормен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 26.02.2024 жылғы № 3-1-9/ТФ-1744 хатымен ұсынылған ақпараттар негізінде құрастырылған.						

Өңірлер аралығында қажеттіліктерін тек Ақмола облысы 104,8%, Алматы облысы 186,7%, Жамбыл облысы 311,5%, Қарағанды облысы 198,4%, Павлодар облысы 522,6%, Солтүстік Қазақстан облысы 122,1%, Түркістан облысы 100%, толықтай қамтып отыр. Бұл өңірлердің ішінде артық сыйымдылығы бар, Алматы облысының агроқұрылымдары жеміс жидек өндіріп, Жамбыл облысы пияз, павлодар облысы картоп өндіріп, сақтай отырып басқа өңірлерге өнімдерін жіберетін болса, Қарағанды облысы Елорданы азық-түлікпен қамтамасыз етуде сыйымдылықтарын пайдаланады.

Еліміз бойынша жалпы қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында 2024-2025 жылдары жалпы сыйымдылығы 357,6 мың тоннаны құрайтын 51 көкөніс сақтау қоймаларының құрылысы жоспарлануда, соның ішінде 2024 жылы 218 мың тоннаға 29 қойма, 2025 жылы 139,6 мың тоннаға 22 қойма. Нәтижесінде жеміс және көкөніс сақтау қоймаларының қажеттілігі 101,6% қамтамасыз етіледі.

1.4. ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Магистрлік жобаның «1.1. Қазақстан Республикасында азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйесі» бөлімінде қолданыстағы заңнамаларға сәйкес орталық және жергілікті атқарушы органдары функцияларының ішіндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына қатысты функциялар көрсетілген болатын, солардың ішінде олардың экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған механизмдер де бар. Бұл механизмдер орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдармен жүзеге асырылатын механизмдер:

1. Бюджеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатын келесідей бағаны тұрақтандыру механизмдері бар:

Бірінші механизм, «айналым схемасы», оған сәйкес белгілі бір мерзімге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге немесе көтерме жеткізушілерге пайызсыз қарыз беріледі.

Екінші механизм, бұл «тұрақтандыру қорын қалыптастыру», оның шеңберінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы күрт көтерілген жағдайда төмен бағамен сол өнімді сату бойынша жедел әрекет ету үшін азық-түлік тауарларын алдын ала сатып алу шаралары жүзеге асырылады.

Үшінші механизм, «форвардтық сатып алу» ол отандық тауар өндірушілермен алдын ала бағаны келісу арқылы келісім шарт жасасып, қаржысын өндіріс шығындарын жабуға беріп қояды. Келісім шартқа сәйкес тауар өндіруші белгіленген уақытта келесілген бағамен азық-түлік тауарының көлемін нарыққа шығару үшін ұсынады.

Бүгінгі таңда осы үш бағыт бойынша бөлінген қаражаттың кемінде 70% отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында форвардтық сатып алуға бағыттау бойынша шаралар қабылдануда.

Сонымен қатар, республикалық бюджет есебінен бірінші сұрыпты нан бағасын тұрақтандыруға бағытталған бағдарлама іске асырылуда. Оның есебінен элеваторлар субсидияланатын астықты тоннасына 90 мың теңгеден сатып алады. Арзандатылған бидайдан облыстың наубайханаларына 1-сұрыпты ұн сатылады да, өз кезегінде наубайханалар өз дүңгіршектерінде 1-сұрыпты нанның бір бөлкесін 90-100 теңгеден сатады және сауда орындарына жеткізеді.

2. Тұтынушылармен азық-түлік өнімдерін тауар өндірушілерден тікелей сатып алуы үшін өңірлік жәрмеңкелерді ұйымдастыру.

3. Сауда желілері мен ірі дүкендермен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына 5-10% артық үстемелерді қоспау туралы меморандумдар жасау.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерін мониторингілеуді және бақылауды жүзеге асыру қарастырылған. Осыған сәйкес әлеуметтік-маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізіп, баға көтерілген жағдайда нақты өнімнің түріне бөлшек сауда бағасының шекті мәндерін және оның бөлшек сауда

бағасының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу бойынша шаралар қабылдау.

Орталық мемлекеттік органдармен және олардың өңірлердегі бағынышты ұйымдарымен жүзеге асырылатын механизмдер:

1. Әдеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішінен жекелеген тауарлардың экспортына және (немесе) импортына тыйым салу мен сандық шектеулер енгізу.

2. Әдеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішінен жекелеген тауарлардың экспортына және (немесе) импортына белгілі бір мерзімге нақты белгіленген көлеміне квота белгілеу.

3. Қоғамдық маңызды нарық субъектісіне өткізетін тауарларының шекті бағаларын төмендету және оларға өз міндеттемелерін орындау туралы міндетті нұсқауларды ұсыну, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бойынша анықталған бұзушылықтар анықталған жағдайда, соның ішінде 15% үстеменің сақталмауы бойынша актілер қабылдау.

Аталған механизмдер бойынша атқарылған шаралар мен ағымдағы жағдай келесідей.

Республика бойынша өңірлерде тұрақтандыру қорларын құруға және форвардтық сатып алуға – 33,1 млрд. теңге, айналым схемасы бойынша тауар өндірушілер мен көтерме саудамен айналысатын кәсіпкерлерді несиелеуге 86,7 млрд. теңге барлығы 119,8 млрд. теңге қаражат бөлінген. 2024 жылдың 14 наурызына бөлінген қаржының 75,3% немесе 90,2 млрд. теңгесі ішкі нарыққа әсер ету үшін бағытталған, соның ішінде тұрақтандыру қоры мен форвардтық сатып алуға 28 млрд. теңге (84,6%), айналым схемасымен несиелеуге 62,2 млрд. теңге (71,7%).

2024 жылдың маусымаралық кезеңінде ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін өңірлер 2023 жылдың күзгі өнімінен 181,8 мың тонна көлемінде резервті қалыптастырған болатын, соның ішінде 102,6 мың тонна картоп, 28,3 мың тонна тонна пияз, 22,3 мың тонна орамжапырақ, 28,6 мың тонна сәбіз бар.

Бүгінгі таңда халыққа сатылғаннан қалған көкөніс қалдықтарының көлемі 115,2 мың тоннаны құрайды, оның ішінде картоп – 66,7 мың тонна, сәбіз – 17,2 мың тонна, пияз – 17,1 мың тонна, орамжапырақ – 14,2 мың тонна.

Оның сыртында тұрақтандыру қорында 36,2 мың тонна әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қоры қалыптасқан, оның ішінде ұн – 3,7 мың тонна, қант – 10,9 мың тонна, күріш – 3,8 мың тонна және т.б. өнімдер.

Тауар өндірушілермен 113,7 мың тоннаға жуық әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жеткізу жөнінде форвардтық келісім шарттар жасалған, оның ішінде картоп – 38,4 мың тонна, пияз – 7,8 мың тонна, сәбіз – 10,1 мың тонна, қырыққабат – 7,0 мың тонна және т.б. өнімдер.

Әлеуметтік нан бағасын тұрақтандыру үшін 2023 жылы 4 млрд. теңге қаражат бөлініп 89,1 мың тонна бидайдың әр тоннасының 135 мың теңгесі құнының 45 мың теңгесі субсидияланды. Бұл шараның аясында өңірлердің ұн тартатын кәсіпорындары 90 мың теңгеге белгіленген бағадағы бидаймен қамтамасыз етіліп, тиісінше өңірлерде қолжетімді бағамен нан өндіріліп 1 бөлкесі 90-100 теңгеден тұтынушыларға ұсынылды.

Делдалдарсыз тауар өндірушілермен тұтынушыларға тікелей азық-түлік өнімдерін сату үшін еліміз бойынша 8100 астам ауыл шаруашылығы жәрменкелері ұйымдастырылған.

2023 жылы сауда үстемесінің және өнімсіз делдалдардың мөлшерін бұзудың 1200 астам фактісі анықталып, заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қолданылып 235 айыппұл салынып, 706 ескерту берілген.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл шаруашылығы және азық-түлік тауарларының импорты мен экспортына тұрақты мониторинг жүргізе отырып, баға жағдайы мен отандық өндірістің дамуына қауіп төнген жағдайда тыйым салу және шектеу енгізу бойынша шаралар қабылдайды. Бұл бағытта 2023 жылдан бері келесі өнімдер бойынша шешімдер қабылданды:

Бидай. Ведомствоаралық комиссия шешімімен бидайды автомобиль көлігімен әкелуге тыйым салу 2023 жылғы 10 сәуірден бастап енгізіліп, 2023 жылғы 10 тамыздан бастап 6 айға ұзартылды.

Кейін лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына транзит пен әкелуді қоспағанда, 2023 жылғы 11 қазаннан бастап автомобиль және теміржол көлігімен бидай әкелуге шектеу тағы да 6 айға белгіленді.

Күнбағыс. Экспорттық кедендік баж 2023 жылдың ақпанынан бастап тоннасына 20% немесе кемінде 100 еуро мөлшерінде енгізілді.

ІҚМ және ұсақ мал. 2024 жылғы 8 қаңтардан бастап 6 айға ІҚМ және ІҚМ аналық басын әкетуге тыйым салу.

2024 жылғы 2 ақпаннан бастап 6 айға бұқашықтарды (60 мың бас) және кошқарларды (120 мың бас) экспорттауға квоталар енгізілді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің импорты мен экспортын реттеу бойынша қабылданған шаралар отандық аграрлық сектордың тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін маңызды. Алайда, елдің сыртқы және ішкі азық-түлік қажеттіліктері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін осы шаралардың тиімділігін үнемі жаңарту және талдап отыру қажет [28].

2-ТАРАУ. ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ, ТӘЖІРИБЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МЕХАНИЗМДЕРІ

2.1. ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУ

Шет елдердің азық-түлік бағасын тұрақтандыру жүйелерін зерттеу барысында осы рейтингтің көш басында тұрған елдерге назар аударылды.

Мемлекеттің баға белгілеуге араласуы инфляция деңгейіне, тауарлар мен қызметтердің қолжетімділігіне, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге әсер ететін көптеген елдердің экономикалық саясатында маңызды рөл атқарады. Дүние жүзіндегі әртүрлі елдер бағаны бақылау және нарықтық қатынастарды реттеу үшін әртүрлі әдістер мен ұйымдық құрылымдарды пайдаланады.

Жыл сайын әлемдегі 113 ел азық-түлік қауіпсіздігінің 4 критерий бойынша бағаланып, олардың рейтингі шығарылады. Критерийлерге қолжетімділік, қолда болуы, сапа мен қауіпсіздік, тұрақты даму мен бейімделу кіреді және осы 4 тәртеуіне байланысты жалпы ұпайы есептеліп елдер бойынша рейтингі шығарылады.

Америка Құрама Штаттарында мемлекеттік бағаны реттеу шектелген және негізінен ауылшаруашылық өнімдеріне және энергетика сияқты белгілі бір салаларға бағытталған. Ауыл шаруашылығы департаменті ауылшаруашылық өнімдерінің бағасын бақылайды, ал басқа салалардағы бағаны реттеу монополияға қарсы бөлім мен Федералдық сауда комиссиясына түседі. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы және бөлшек сауда сияқты кейбір салаларда баға бәсекелестігінің жағымсыз салдарын болдырмау үшін бағаны тікелей мемлекеттік реттеу мүмкін.

Жапонияда бағаны бақылауды Баға бюросы мен Экономикалық жоспарлау бюросы жүзеге асырады. Мемлекеттің араласуы бағаның тұрақтылығын және монополияға қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған. Азық-түлік тауарларының бағасын реттеу үшін аймақтық мемлекеттік органдар мен жергілікті әкімшілік органдар да пайдаланылуы мүмкін [32].

Австрияда электр энергиясы мен алкогольдік сусындар сияқты мемлекеттік монополия болып табылатын тауарлар мен қызметтердің бағасын мемлекет реттейді. Бағаны бақылауды Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі, сондай-ақ баға жөніндегі Ведомствоаралық комиссия жүзеге асырады. Австрияда кәсіподақтар мен бизнес қауымдастықтарының өтініші бойынша кез келген тауарларға немесе қызметтерге 6 айға дейінгі мерзімге бағаны реттеуді орнатуға мүмкіндік беретін заңнама да бар екенін атап өткен жөн.

Финляндияда үкімет азық-түлік, энергия және басқа да тауарлардың бағасын жоспарлауда және бақылауда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік бағаны басқару Сауда министрлігі және басқа да тиісті ведомстволар арқылы

жүзеге асырылатын азық-түлік тауарларының бағаларын реттеу шараларын қамтиды.

Францияда еркін баға принципі жеке тауарлар мен қызметтерге, соның ішінде азық-түлік тауарларына бағаны тікелей мемлекеттік реттеумен қатар жүреді. Бұл реттеуді Экономика, Қаржы және бюджет министрлігі, Бәсекелестік департаменті сияқты мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Бұл органдар елдегі азық-түлік бағасын бақылап, реттеп отырады.

Еуропалық одақ деңгейінде бағаны бақылауды Еуропалық Комиссия және Еуропалық Парламент сияқты мемлекеттен жоғары тұрған органдар жүзеге асырады. Азық-түлік тауарларының бағасын реттеуге осы саладағы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеп, қабылдайтын Еуропалық комиссияның ықпалы зор. Сонымен қатар мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар да Еуропалық одақ ережелері мен заңдарына сәйкес азық-түлік бағасын реттеу шараларын қабылдап, қолдана алады [33].

Бағаны мемлекеттік реттеу экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуде, тұтынушылардың мүдделерін қорғауда және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. Әртүрлі елдердің тәжірибесін зерделеу бағаны бақылау мен нарықтық қатынастарды реттеудің әртүрлі тәсілдерін ашады, бұл реттеу механизмдерін ұлттық экономикалық жағдайларға және мемлекеттік саясаттың мақсаттарына бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан жағдайында бағаны тиімді мемлекеттік реттеу үшін бағаны бақылауға және осы саладағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуге уәкілетті мамандандырылған органның болуы қажет. Бұл функцияны тауарлар мен қызметтердің бағасын тиімді бақылау үшін, сондай-ақ тұтынушылардың мүдделері мен экономикалық мүдделері үшін нарықтағы өзгерістерге ден қою үшін тиісті өкілеттіктері мен ресурстары бар уәкілетті сауда органы жүзеге асыру ұсынылады.

Бұл орган бағаларды бақылайтын бағынысты құрылымдарының қызметін үйлестіре отырып, ұлттық басымдықтар мен нарықтың барлық қатысушыларының мүдделерін ескеріп, қажетті реттеу шараларын әзірлеп, жүзеге асыра алады. Бұл тәсіл экономиканың және тұтастай алғанда қоғамның тұрақты дамуына ықпал ете отырып, өндірушілердің, тұтынушылардың және мемлекет мүдделерінің теңгерімділігін қамтамасыз етеді.

2.2. ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МЕХАНИЗМДЕРІ

Осы зерттеу шеңберінде Қазақстан Республикасының жағдайында қолданылуы мүмкін тиімді тәсілдерді анықтау мақсатында әлемнің әртүрлі елдеріндегі азық-түлік тауарларының бағасын реттеу тетіктері мен тәжірибесінің кең ауқымы талданды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, азық-түлік тауарларына баға белгілеу мәселелерін шешу әр елде өзіндік спецификалық сипаттамаларға ие және тиімді реттеу әдістері әртүрлі факторларға байланысты болуы мүмкін, мысалы, экономикалық жағдайлар,

саяси жүйе, аграрлық сектордың ерекшеліктері және т.б.

Талдаудың негізгі аспектілеріне әлемдегі азық-түлік қауіпсізді бойынша бағаланатын 113 елдің ішіндегі үздік болған АҚШ және Еуропалық Одақ сияқты нарықтық экономикасы дамыған елдердің, сондай-ақ Австрия мен Франция сияқты дәстүрлі ауыл шаруашылығы үлгілері бар елдердің тәжірибесі кіреді.

Мысалы, **Австрия** тәжірибесі көрсеткендей, әртүрлі аймақтардағы азық-түліктің орташа бағасының деңгейін теңестіруге үкімет, кәсіпкерлер мен өндірушілер арасындағы әлеуметтік әріптестік пен паритеттік келісімдер арқылы қол жеткізуге болады. Бұл тәсіл белгілі бір аймақтарда мүмкін болатын баға өсімінің жағымсыз әлеуметтік салдарын жеңілдетуге мүмкіндік береді және экономикалық пайданы біркелкі бөлуге ықпал етеді.

АҚШ-та мемлекеттік қаржыландыруды шектеу әдісі кеңінен қолданылады, ол нарықтық тұтқаларды белсенді пайдалану арқылы мемлекеттің экономикалық жағдайын жақсартуға және өндірілген өнімнің бағасы мен шаруа қожалықтарының өндірушілерінің шығындары арасындағы қатынасты сақтауға бағытталған. Бұл тәсіл АҚШ-тың тарихи және экономикалық ерекшеліктерімен, оның ішінде экономикадағы нарықтық механизмдердің үстемдігімен және мемлекеттің нарықтық процестерге араласуын барынша азайтуға ұмтылуымен анықталады.

Франция фермерлер үшін кіріс тепе-теңдігін сақтау және азық-түлік бағасын реттеу үшін ауылшаруашылық бағасына қатаң үкімет бақылауын ұзақ мерзімді қолдануымен ерекшеленеді. Бұл тәсілдің тамыры экономика мен әлеуметтік салаға мемлекеттің күшті араласуымен сипатталатын Франциядағы ауыл шаруашылығы мен мемлекеттік басқарудың дәстүрлі үлгісінде жатыр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын реттеудің инновациялық әдістері де назар аударуға тұрарлық. Мысалы, **Финляндияда** азық-түлік өндірісінде ғылым мен техниканың дамуы ынталандырылуда, бұл өндірушілерге шығындарды азайтуға және әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл өндіріс тиімділігін арттыруға және өнім бағасын төмендетуге ықпал ететін ауыл шаруашылығының инновациялық және жоғары технологиялық үлгісіне көшуді көрсетеді.

Еуропа елдері де электронды коммерцияны дамытуға және өнімді өткізу арналарын оңтайландыруға ықпал ететін азық-түлік өнімдерін сату мен жеткізудің цифрлық технологияларын дамытуға белсенді түрде ықпал етуде. Бұл инновациялық тәсілдер тұтынушылардың мінез-құлқындағы ағымдағы үрдістерді ескереді және азық-түліктің қолжетімділігі мен сапасын жақсартады [34].

Зерттеу бағаны төмендетуге бағытталған азық-түлік өнімдерін өткізу мен жеткізудің инновациялық әдістерін қолдану қажеттілігін атап өтумен қорытындыланады. Қазақстан Республикасында азық-түлік тауарларына бағаны мемлекеттік реттеудің заманауи тәсілдері мен әдістерін дамыту өнімді өткізуді үйлестіруді және ынталандыруды, жеткізудің оңайлатылған схемасын әзірлеуді, азық-түлік саудасында цифрлық технологияларды белсенді пайдалануды қоса алғанда, одан әрі жетілдіруді талап етеді. Баға саясатында инновациялық

стратегияларды қолдану азық-түлік бағасын төмендетуге ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығын дамытуды ынталандыруға, жергілікті өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін сақтауға, тұтынушылар үшін сапалы өнімнің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

3-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

3.1. ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР

Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру жағдайын бағалау екі әдіспен жүргізілді. Біріншісі сұхбат/анкета жүргізу арқылы социологиялық әдіс болса, екіншісі бұқаралық ақпарат құралдарын контент талдау.

Социологиялық әдіс бойынша сұхбат/сауалнама жүргізу үшін қойылатын сұрақтар тізімі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Басқару институты директорының отырысында қаралып 2023 жылдың 14 сәуіріндегі №20 хаттамасымен бекітілді.

Талдауды жан-жақты жүргізу мақсатында сұхбат/сауалнамамен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіруші, тұтынушыға сатушы сауда желілерінің басшылары, азық-түлік өнімі өндірісі мен тұтынушыларға жеткізу және бағасын реттеуге мәселесіне қатысты орталық және жергілікті атқарушы органдардың (Сауда комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің өңірлік департаменті, Ауыл шаруашылығы, Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармалары, Өңірлік тұрақтандыру қорлары) қызметкерлері, яғни барлық мүдделі тараптардың 11 өкілі қамтылды.

Мүдделі тараптармен бекітілген 14 сұрақ бойынша берілген жауаптар жүйеленіп, талдау жасалып, келесідей болып біріктірілді.

1. Сіздің жасыңыз нешеде?

Сауалнамаға қатынасқан 11 респонденттің жас ерекшеліктері келесідей: 36,4% немесе 4-уі 20-35 жас, 45,4% немесе 5-уі 35-50 жас, 18,2% немесе 2-уі 50-70 жас аралығындағы азаматтар.

2. Еңбек өтіліңіз неше жыл?

Барлық респонденттердің еңбек өкілдері 6 жылдан жоғары, нақтырақ алғанда 4 респонденттің еңбек өтілі 6-10 жыл, 2 респонденттің еңбек өтілі 11-15 жыл болса, қалған 5 респонденттің еңбек өтілдері 16 жылдан жоғары екені анықталды.

3. Қандай салада қызмет етесіз?

Сауалнамаға қатынасушы 11 респонденттің ішінде 2 тауар өндіруші, 2 сауда ұйымының, 1 тұрақтандыру қорының қызметкерлері, 3 жергілікті деңгейдегі және 3 орталық мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты ұйымдардағы мемлекеттік қызметкерлер.

4. Сіздің лауазымыңыз?

Респонденттердің негізі бөлігі, яғни 72,7% немесе 8 респондент басшылық қызметтегі тұлғалар болса, 27,3% немесе 3 респондент мамандар.

5. *Тұрақтандыру қорларының жұмысына қатысты пікіріңіз қандай? Оларға деген қажеттілік бар ма?*

Нарық бағасының тұрақтануына ықпал етіп отырған механизмдердің бірі, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қоры болып табылады. Тұрақтандыру қорларында өңірде өндірілмейтін немесе импортталатын тауарлардың болуы маңызды. Бірақ тұрақтандыру қорлары қажетті деңгейде қаржыландырылуы керек. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру механизмдерін жүзеге асыру қағидасына сәйкес аймақтарға 3 айлық қажеттілігінің 50% өнімі сатып алыну керек. Осы талаптар ғана орындалғанда ғана негізсіз баға өскен уақытта оны төмендетуге мүмкіндік береді. Азық-түлікті тұрақтандыру қорлары дағдарыс немесе нарықтық тұрақсыздық кезеңінде ғана бағаның ауытқуын азайту және азық-түлікпен қамтамасыз етудегі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін пайдалы болуы мүмкін.

Алайда, тұрақтандыру қорларының жалпы нарықтағы үлесі бағаны қажетті деңгейде тұрақтандыруға мүмкіндік бермейді. Сол себепті тұрақтандыру қорлары жұмысының механизмін қайта қарау немесе жетілдіру қажет.

Тұрақтандыру қорлары бағаның көтерілу кезеңінде әлеуметтік осал топтардың қаржылық шығындарын жеңілдетеді.

Сондай-ақ, қор қаражаты ауыл шаруашылығы құрылымдарын қаржыландырудың қосымша көзі ретінде қызмет ете алады.

Бір респондент тарапынан негізі тұрақтандыру қорларына қажеттілік бар. Тек әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар жұмысты нашар жүргізіп отыр немесе қызығушылықтары жоқ деген де пікір болды.

Тек бір ғана респондент тұрақтандыру қорларына деген аса бір қажеттілік жоқ деген пікірін білдірді. Оның себебін бағаны нарық өзі реттуі қажет, бұл экономика заңдылығы. Мемлекеттің бұл баға саясатына тым араласуы экономикаға кері әсерін тигізеді. Яғни, мемлекет баға саясаты мәселесіне араласқан жерде толыққанды бәсекелестік болмайды. Бәсекелестік болмаған жерде нарық тиісті деңгейде дамымайды деп түсіндірген.

6. *Өнім түрлеріне деген сұраныс пен ұсынысты анықтайтын және сату мен сатып алу бағаларын күнделікті бақылауға мүмкіндік беретін жүйенің (сайт) қажеттілігі бар ма?*

Өнім түрлеріне деген сұраныс пен ұсынысты анықтайтын және сату мен сатып алу бағаларын күнделікті бақылауға мүмкіндік беретін жүйенің (сайт) қажеттілігі бар ма деген сұраққа бір сауда желісінен басқаларының барлығы қажет деп жауап берді.

7. *Сіз ол жүйеден (сайт) тағыз қандай ақпараттар алғыңыз келеді?*

Сұхбатқа қатысқан мүдделі тараптар жүйеден қосымша тауар өндірушілерді, тауардың өзіндік құнын, үстемесі мен көтерме және сатылу бағасын, сатылған өнімнің көлемдері, бағаның өзгеру динамикасының мониторингі мен себептері, сауда нарықтары, көтерме тарату орталықтары, қоймалар мен олардағы сақтаулы өнім көлемі, бағаны тұрақтандыру бойынша қабылданып жатырған шараларды, тауарға деген сұраныс пен ұсыныстың өзгеруін, сауда объектілеріндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік

тауарларының бағасы мен тұрақтандыру қоры тауарларының сатылу орындарының мекен-жайларын, сауда желілеріне азық-түлік тауарларын жеткізушілері (контрагенты) туралы ақпаратты қосымша көргілері келетіндері туралы көрсеткен.

8. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізіміне өзгеріс енгізу қажет пе? Қажет болған жағдайда қандай?

Респонденттердің жартысынан көбі өзгерістер енгізу қажет емес дегенмен, келесідей пікір білдіргендер де болды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізіміне халық көп тұтынатын қой етін қосып, сүт пен айранның майлылығын 3,2% өзгерту ұсынылды. Тізімді қысқарту бойынша тұз, сүзбе, ақ қауданды қырыққабат сияқты азық-түлік тауарларын тізімнен алып тастау ұсынылды. Оның себебі бұл тауарлар тұтынушының азықтық талғамына сай ғана тұтынатын тауарлар болып табылатындығымен негізделген. Қырыққабат, сүзбе сияқты тауарлар жаппай күнделікті тұтынатын тауарлар болып табылмайды. Сол себепті баға реттеу механизмі шеңберіндегі тауарлар тізбегін азайту нарықты аса реттеу шараларын азайтуға, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін әділетті баға беруге мүмкіндік береді. Кейбір респонденттеріміз бұл күрделі мәселе, арнайы зерттеу жүргізбей бұл сұраққа жауап беру қиын десе. Бір респондент жоғарыда аталған сайт жұмыс жасаған жағдайда сайттағы ақпаратқа сәйкес сұранысы көп тауарлардың түрі мен көлеміне қарай тізімді толықтыруға болады деген пікірін білдірген.

9. Мемлекеттік қолдау шараларына қатысқан тауар өндірушілерге қарсы міндеттемелердің енгізілуіне қатысты ойыңыз қалай?

Мемлекеттік қолдау шараларына қатысқан тауар өндірушілерге қарсы міндеттемелердің енгізілуін интервьюге қатысушы респонденттер негізінен қолдап отыр. Сол уақытта бірқатары міндеттемелердің ішінде жұмыс орындары мен бюджетке төленетін төлемдер көлемін көбейту мәселесі қаралу керек деп ойласа, бір бөлігі субсидиялау қағидаларында өндірілген өнімнің бір бөлігін төмедетілген бағамен сатуын қарастырған жөн, бірақ ол реформа тауар өндірушілерді шығынға қалдырмау қажет деп ойлайды.

Төмен бағамен өндірген өнімнің бір бөлігін сату бойынша қарсы міндеттемелер өз кезегінде өндірілетін өнімнің сапасына да кері әсер ету қауіпі бар деп ойлайтындар да бар. Сондықтан қарсы міндеттемелерді өндірілетін өнімнің сапасының жақсаруы мен кәсіпорынның тұрақтылығына қатысты болуы керек, себебі ол тұтынушыға да мемлекетке де қажет деп көрсеткен.

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты қандай ұсыныс берер едіңіз?

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты берілген ұсыныстар келесідей:

- бағаны ұзақ мерзімге тұрақтандыру және отандық тауар өндірушілерді қолдау мен қаржыландыру мақсатында өңірдің негізгі тауар өндірушілерімен өнімнің барлық түрлеріне (соның ішінде көкөніске) алдын-ала 2-3 жылға форвардтық келісім шарт жасау;

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге салынатын

салықтық жүктемені азайту;

- тауар өндірушілер жіберген бағаға сауда орындары мен желілерінің бағаны үстеме қосуларына байланысты оларды бақылау мен қадағалау;

- Ресей Федерациясынан өнімдерді, соның ішінде ұнды әкелуге тыйым салмау, сол уақытта нан өнімдерінің бағасы қымбаттамайды (наубайхана басшысының пікірі);

- тұтынушыларға сатылатын (тұрақты немесе жәрмеңке) өнімнің бағасына әсер ету мақсатында өңірлерде коммуналдық сауда орындарының немесе базардың болуы;

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сататын дүкен сөрелерін немесе дүңгершіктерді көбейту;

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге өндірістік шығындарды азайту үшін мемлекеттік қолдау көлемін арттыру;

- монополисттердің тарифтерінің өсімін тежеп, тұрақтандырып, ұстау;

- елге немесе өңірге тұрғындардың тұтыну көлеміне талдау жасай отырып қажетті тауарлардың көлемін әкелу;

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына деген сұранысты азайтып, нарықты теңестіру үшін үнемді және ақылға қонымды көлемде тұтыну туралы тұрғындар арасында насихат жұмыстарын жүргізу;

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты жедел шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен жүргізілетін тексерулер мерзімін қысқарту;

- қоғамның тұрақтандыру қорларының қызметі туралы нақты түсінікке ие болуы, сондай-ақ бақылаудың тиімді тетіктерін енгізуі үшін қорды басқаруда ашықтықты қамтамасыз ету;

- бағаның ықтимал ауытқуын болжауға және оларға дайындалуға мүмкіндік беретін нарықты бақылау мен талдаудың тиімді жүйесін әзірлеу;

- сұраныс пен ұсыныстың өзгеруіне тез жауап беру үшін өнім қорларын басқаруда икемділік қажет, яғни шешімдердің тез арада қабылдануын қамтамасыз ету керек.

Сонымен қатар, халыққа тұрақтандыру қорларының рөлі және олардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі туралы ақпарат беріп отыру да ұсынылды.

11. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты шараларды тиімді атқару үшін қай мемлекеттік органға қосымша қандай құзіреттілік беру керек немесе бір мемлекеттік органнан екінші органға қандай құзіреттілікті ауыстыру керек деп есептейсіз?

Шаралардың тиімділігі елдегі нақты жағдайға және мемлекеттік органдардың ұйымдық құрылымына байланысты. Қосымша өкілеттіктер беру немесе оларды қайта бөлу туралы шешім іс-қимылдарды үйлестіруді және қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін негізделген және жобаланған болуы тиіс. Соған байланысты ҚР Ауыл шаурашылығы

министрлігінің бағаны тұрақтандыру бойынша функциясын баға бойынша уәкілетті мемлекеттік орган – ҚР Сауда және интеграция министрлігіне беру қажет. Себебі Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңына сәйкес, Ауыл шаруашылығы министрлігі, яғни, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган - агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады. Осыған орай, баға тұрақтандыру және реттеу мәселелері Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзіретіне кірмеу керек деп ойлаймын.

Орталық деңгейде бағаны тұрақтандыру жұмыстарын жүйелеу және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты шараларды тиімді атқару үшін Қазақстан Республикасының Азық-түлік қауіпсіздігі агенттігін құру қажеттігі айтылды. Жергілікті деңгейде бағаны тұрақтандырумен Ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік басқармалары мен аудандық бөлімдер айналысады. Бағаның қалыптасуы мәселесімен бір орган айналысуы қажет. Ол үшін облыстардағы Сауда департаменттеріне аудандарда қосымша құрылымдарын аша отырып штаттық бірліктермен толықтырып барлық бақылау функциялары мен тұрақтандыру қорларын да беру керек.

Сондай-ақ, нарықтағы өзгерістерге байланысты жедел әрекет ету үшін әртүрлі ведомстволар арасында ақпарат алмасу және мониторинг жүргізу жүйесін құру ұсынылды.

12. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты шараларды тиімді атқару үшін қандай нормативтік құқықтық актілерге нақты қандай өзгеріс енгізу қажет деп ойлайсыз?

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты шараларды тиімді атқару үшін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бойынша төмендегідей ұсыныстар берілді:

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларына бағаның актуалды бүгінгі мәнін ескере отырып алдағы уақытқа маусымдық болжам жасау арқылы шекті мәндерін тоқсанға бекіту;

- бағаның өсуіне байланысты тез әрекет ету мақсатында бағаның шекті рұқсат етілген көлемін бір апталық мерзімде бекітуді қарастыру;

- бағаны тұрақтандыру мақсатында субсидиялау бойынша барлық қағидаларға өндірілген өнімнің бір бөлігін арзандатылған бағамен сату жөніндегі қарсы міндеттемелерді енгізу;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сауда қызметі туралы заңнаманы бұзғаны үшін төленетін айыппұл көлемін көбейту;

- Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңына жалпы сауда алаңының 30% отандық тауарлардың орналастырылуы туралы тармақпен толықтыру ұсынылады. Себебі бұл тармақ ішкі сауда қағидасында

қаралғанымен, бүгінгі таңда кейбір сауда объектілерімен аталған шарттар орындалмай отыр;

- Әлеуметтік маңызы бар тауарларға 15% аспайтын үстеме белгілеуді тек ең төменгі бағасы белгіленген өнімге емес, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының барлық диапазондағы бағаларына белгілеу туралы Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 9 тармағына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- Өндірушілер мен сауда объектілері арасындағы тым көп делдалдардың кірісуін болдырмау мақсатында, аталған саланы реттейтін тиісті нормативтік актілерге, олардың ашықтығын қамтамасыз ететін қажетті өзгерістер енгізу;

- Ашықтық пен мониторингті қамтамасыз ету үшін тауар өндірушілер мен бөлшек саудагерлерді өндіріс көлемі мен баға туралы ақпаратты ұсыну нормативтін енгізу немесе күшейту;

- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен өнімдерге қатысты шектеу және тиым салуға қатысты процестердің мерзімдерін қысқарту;

- Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» заңына - азық-түлік тауарларының бағасын реттеу бойынша құзыреттілікті Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне беру бойынша өзгеріс енгізу;

- Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңына азық-түлік тауарларының бағасын реттеу бойынша құзыреттілікті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен алып тастау бойынша өзгеріс енгізу.

13. Мемлекет тарапынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шаралары одан әрі жалғаса беру керек деп ойлайсыз ба?

Мемлекет тарапынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шаралары одан әрі жалғаса беру керек пе деп ойлайсыз ба деген сұраққа респонденттердің пікірі екіге бөлінді. Орталық мемлекеттік орган мен олардың бағынысты ұйымдарының өкілдері жоқ деп жауап берсе, қалған респонденттер бұл шараларды жалғастыру қажет деп ойлайды.

14. Неліктен олай ойлайсыз?

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру жөніндегі шаралардың тоқтатылуы нарықтың неғұрлым тиімді жұмыс істеуіне оң ықпалын тигізеді. Бұл бәсекелестікке, ауыл шаруашылығындағы өнімділікті жақсартуға әкеледі. Шаруалардың өндірген өнімдерін жақсы бағада сатып, алынған пайда инновация немесе жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік беретін болады. Алайда, мұндай шешімдерді бағаның өсуі және әлеуметтік салдарлар сияқты ықтимал жағымсыз факторларды ескере отырып, мұқият қабылдау керек. Сондай-ақ, мемлекеттің бизнеске үнемі араласуы, бизнеске өзіндік кері әсерін тигізеді. Сондықтан мемлекет тек аса қажеттілік туындаған жағдайда ғана араласуы қажет. Жалпы нарықтық экономикаға араласуға болмайтындықтан, алдағы уақытта мемлекет тарапынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік

тауарларының бағасын тұрақтандыру шараларын тоқтату қажет деген пікірлер бар.

Ал, респонденттердің екінші бөлігі бағаны реттеу шараларын жалғастыру керектеп есептейді. Себебі мемлекет тұрғындардың барлық топтарына, соның ішінде осал, кедей топтарға базалық азық-түлік тауарларына қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы жалпы нарықтағы бағаның тұрақтануына да әсер етіп отырады және заң бұзушылықтар болған жағдайда жедел шаралар қабылдайды. Бұл әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ете отырып, теңсіздікті азайтуға ықпалдасады. Сонымен қатар, еліміздің халық саны көп болмауына байланысты нарық та үлкен емес, ал кейбір монополистік тауарөндірушілердің болуы бағаның өз өзін реттеуіне кепілдік бермейді. Осыған байланысты мемлекет тарапынан бағаны реттеу шаралары жүргізілмесе тауар өндірушілер мен көтерме жеткізушілер тарапынан сөз байласуы нәтижесінде азық-түлік тауарлары бағасы мен сауда объектілері тарапынан максималды табыс табу үшін үстеме бағаларының өсу қаупі бар.

Сондай-ақ, соңғы тұтынушылардың көзқарасы тұрғысынан да әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру маңызды мәселе, оны мемлекеттен басқа ешкім жасамайды. Сонымен қатар, бұл шаралар жалпы нарықтағы бағаның тұрақтануына да әсер етеді.

Сұхбат нәтижесін қорытатын болсақ қатнасушы респонденттердің көпшілігінің айтарлықтай еңбек өтілі бар, бұл олардың талқыланатын тақырып бойынша пікірлерінің сапасы мен сенімділігіне әсер етеді. Мүдделі тараптардың барлығының қатынасуы және олардың көпшілігінің басшылық лауазымда қызмет атқаруы талқыланатын мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді білдіруге ықпал етті.

Тұрақтандыру қорларының қажеттілігі туралы пікірлер әртүрлі. Кейбір респонденттер оларды баға тұрақтылығын қамтамасыз етудің және ауыл шаруашылығы құрылымдарын қолдаудың маңызды құралы ретінде қарастырса, басқалары нарық бағаны мемлекеттің араласуынсыз дербес өзі реттеуі керек деген пікірде.

Әртүрлі азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс пен ұсынысты, сондай-ақ олардың бағасын қадағалайтын баға мен ұсыныс мониторингі жүйесінің қажеттілігіне сенім білдірді. Бұл бағаны дәлірек реттеуге және күрт ауытқулардың алдын алуға көмектеседі.

Жаңа жүйеден нарықтың әртүрлі аспектілері, соның ішінде бағалар, сату көлемі, жеткізушілер туралы ақпарат және нарықтық процестерді тиімді басқару үшін басқа да маңызды деректер туралы ақпаратты алуға ниет білдірді. Бұл олардың қызметінде неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жан-жақты ақпараттың қажеттілігін көрсетеді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдер тізбесіне өзгерістер енгізу қажеттілігіне қатысты пікірлер екіге бөлінді. Кейбір респондент тұрғындар сұранысын қанағаттандыру қажет деп есептеп, жаңа өнімдерді қосуды қолдаса, басқалары сұранысқа ие өнімдерді оңтайландыру және назар аудару үшін белгілі бір элементтерді тізімнен шығаруды жақтайды. Бұл әлеуметтік маңызы бар

азық-түлік өнімдері тізіміне қандай өнімдерді енгізу керектігі туралы пікірлер мен қалаулардың әртүрлілігін көрсетеді.

Респонденттердің көпшілігі мемлекеттік қолдау шараларына қатысқан өндірушілер үшін міндеттемелер енгізу идеясын қолдайтынын білдірді. Дегенмен, бұл міндеттемелердің нақты шарттарына қатысты әртүрлі пікірлер бар. Кейбіреулер жұмыс орындарын көбейту, өнім сапасын жақсарту идеясын алға тартады, ал басқалары өнімді төмендетілген бағамен сатуды ұсынады.

Бағаны тұрақтандыру үшін бағаны бақылау, тарифтерді реттеу, қоғамдық сауда орындарын құру, тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдауды арттыру сияқты түрлі шараларды ұсынып отыр. Бұл азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесін шешуге кешенді көзқарас қажеттігін көрсетеді.

Респонденттер бағаны тиімдірек реттеу және өндірушілерді қолдау үшін нормативтік құқықтық актілерге өзгертулерді ұсынады. Бұған баға шегін аптаға белгілеу, бұзушылықтар үшін айыппұлды арттыру және басқа да шаралар кіреді. Мұндай ұсыныстар нарықтық процестерді тиімдірек реттеу және азық-түлік тауарларына бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында заңнаманы жетілдіруге деген ұмтылысты көрсетеді.

Бағаны тұрақтандыру шараларын жалғастыруға қатысты респонденттердің пікірлері екіге бөлінді, бірақ көпшілік мұндай шараларды жалғастыруды, әсіресе халықтың барлық топтары үшін өнімдердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге байланысты қолдауға бейім болды. Кейбіреулер бәсекелестікті ынталандыру және нарықтың тиімді жұмыс істеуі үшін мұндай шараларды тоқтатуды талап етеді, ал басқалары өнімнің қолжетімділігі мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттің араласуының маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл баға тұрақтылығын сақтау және нарықтағы бәсекелестікті ынталандыру қажеттілігі арасындағы дилемманы көрсетеді.

Сонымен, сұхбат нәтижесін жалпы талдау респонденттердің пікірлерінің әртүрлі, ал азық-түлік бағасын реттеу бойынша шешімдер экономика мен әлеуметтік саясаттың әртүрлі аспектілерін ескере отырып, теңгерімді көзқарасты қажет ететінін көрсетеді. Бұл ауқымды талдау азық-түлік бағасын реттеу күрделі және көп қырлы процесс болып табылады, ол әртүрлі факторларды, соның ішінде экономикалық, әлеуметтік және саяси аспектілерді есепке алуды талап етенін көрсетті.

Әлеуметтік желілерде елімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын реттеуді тоқтату тақырыбында материалдар көп. Әсіресе орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің тарапынан жалпы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын реттеуді 2024 жылдан бастап өнімнің 9 түрі бойынша тоқтатылатыны және қалған 10 түрі бойынша 2025 жылдан тоқтату жоспары туралы айтылған соң әлеуметтік желіде бұл мәселе қызу талқыланған.

Контент талдау

Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында соңғы жылдары жарияланған 40 жуық материалдарға контент талдау жүргізіліп, соның ішінде эксперттер мен мамандардың пікірлері көрсетілген келесі жарияланымдар

талдау жасау үшін іріктелініп алынды.

11-кесте – Контент талдау жасау үшін пайдаланылған ақпарат көздері

№	Мақала атауы	Жарияланған күні	Ақпарат көзі	Сілтеме
1	Отказаться от регулирования цен на соцпродукты намерены в РК	01.11.2022	Inbusiness.kz	https://inbusiness.kz/ru/last/otkazatsya-ot-regulirovaniya-cen-na-socprodukty-namereny-v-rk
2	Депутат предложил отказаться от госрегулирования цен на социально значимые продукты	11.01.2023	Zakon.kz	https://www.zakon.kz/sobytiia/6381290-deputat-predlozhit-otkazatsya-ot-gosregulirovaniya-tsen-na-sotsialno-znachimye-produkty.html
3	Отказаться от госрегулирования цен на СЗПТ предлагает Минторговли РК	29.11.2023	EIDala.kz	https://eldala.kz/novosti/kazahstan/17368-otkazatsya-ot-gosregulirovaniya-cen-na-szpt-predlagaet-mintorgovli-rk
4	С нового года цены на социально значимые продукты питания могут взлететь в десятки раз: что происходит	01.12.2023	КАРАВАН	https://www.caravan.kz/news/s-novogo-goda-ceny-na-socialno-znachimye-produkty-pitaniya-mogut-vzletet-v-desyatki-raz-cto-proiskhodit-971558/
5	Чем для казахстанцев обернется отмена регулирования цен на социальные продукты	28.12.2023	Zakon.kz	https://www.zakon.kz/finansy/6419033-chem-dlya-kazakhstantsev-obernetsya-otmena-regulirovaniya-tsen-na-sotsialnye-produkty.html
6	Решили поддержать одних, а ущемили других – эксперты о регулировании цен на СЗПТ	05.01.2024	Liter.kz	https://liter.kz/reshili-podderzhat-odnikh-a-ushchemili-drugikh-eksperty-o-regulirovanii-tsen-na-szpt-1704445587/
7	Хлеб, молоко, яйца: подорожают ли они, когда государство перестанет регулировать цены?	17.01.2024	Informburo.kz	https://informburo.kz/stati/xleb-moloko-yaica-podorozayut-li-oni-kogda-gosudarstvo-perestanet-regulirovat-ceny
8	Сенат поддержал желание правительства перестать контролировать цены на социальные продукты	22.02.2024	КУРСИВ	https://kz.kursiv.media/2024-02-22/zmzh-produkty-pitaniya/

Ескертпе: Кесте автормен [35-42] дереккөздер негізінде құрастырылған.

1. Inbusiness.kz

«Отказаться от регулирования цен на соцпродукты намерены в РК».

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғаринның пікірінше бұл шаралар еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің ақпаратына сәйкес миллионға жуық атаулы әлеуметтік көмек алатындарға бағытталуы керек. Ал біз барлық тұғындарды қамтуымызға байланысты отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қиын жағдайға қалдырып отырмыз.

Бизнес-омбудсмені Рустан Жүрсінов бағаны реттеу әкімдіктердің бостан-бос уақыт пен күштерін жұмсауы деген үзілді-кесілді пікірін айтады. Ол мұндай тәжірибелердің тек бір нәтижесі болатынын және ол сөрелердегі тауар тапшылығына әкелетінін алға тартып, 90-жылдардың тәжірибесіне тоқталды. Бұл пікір бизнес қауымдастығының әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бағаны мемлекеттік реттеуден бас тартуға қатысты көзқарасын көрсетеді.

Құс фабрикасының басшысы Қайрат Маишев өз тәжірибесімен бөлісіп, жалпы баға бақылауы кәсіпорындардың дамуына кері әсерін тигізетінін алға тартады. Ол мұндай шаралар теріс рентабельділікке әкеліп, кәсіпорындарды өндіріс пен қызметкерлерді қысқартуға мәжбүр еткен өткендегі мысалдарды келтіреді. Бұл пікір баға белгілеуге мемлекеттің араласуының жағымсыз салдарын және оның кәсіпорындардың жұмысына әсерін көрсетеді [35].

2. Zakon.kz

«Депутат предложил отказаться от госрегулирования цен на социально значимые продукты».

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерлан Барлыбаев 2023 жылдың 11 қаңтарында нарықтық тетіктер мен атаулы әлеуметтік көмек нарықтың барлық қатысушылары үшін тиімдірек және әділетті деп есептей отырып, азық-түлік бағасын мемлекеттік реттеуді және аграрлық секторды қолдау тәсілдерін қайта қарауды ұсынды [36].

3. EIDala.kz

«Отказаться от госрегулирования цен на СЗПТ предлагает Минторговли РК».

ҚР Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғи ресурстар және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің отырысы барысында әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға атаулы көмек пайдасына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын мемлекеттік реттеуді кезең-кезеңімен алып тастау ниетін білдіреді.

Әлеуметтік маңызы бар өнімдерге шекті және шекті бағаларды белгілеу тетігін жою ұсынылады. Жоспар бойынша ең қажетті азық-түлік тауарларының бағасын кезең-кезеңімен алып тастау, алдымен 2024 жылдың екінші жарты жылдығынан отандық өндіріс есбінен қамтылатын 9 тауар бойынша, содан кейін қалған 10 атау бойынша 2025 жылдың 1 шілдесінен бағаны алып тастау. Оның орнына мұқтаж адамдарға атаулы көмек көрсетіледі [37].

4. КАРАВАН

«С нового года цены на социально значимые продукты питания могут взлететь в десятки раз: что происходит».

Экономист Расул Рысмамбетов Қазақстан Республикасы Сауда

министрлігінің бағаны реттеу туралы ұсынысы мемлекеттік бақылауды толығымен жоюдан гөрі жауапкершілікті жергілікті билікке жүктеуге бағытталған деп есептейді. Ол жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпкерлік корпорациялардың рөлін күшейту идеясын қолдайды, бірақ орталық үкімет тарапынан, әсіресе негізгі азық-түлік тауарларын импорттау кезінде қолдаудың маңыздылығын атап өтеді.

Экономист Марат Абдурахманов әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын мемлекеттік реттеуді жоюдың салдары ауыр екенін ескертеді. Ол Дүниежүзілік банк анықтаған кедейлік деңгейіне тоқталып, қазақстандықтардың көпшілігі кедейлік шегінен төмен екенін атап өтті. Сондай-ақ азаматтардың қаржылық жағдайының қосымша нашарлауына әкелетін энергия тарифтеріндегі ықтимал өзгерістер мен азық-түлік бағасының өсуіне назар аударады. Ол елдегі ықтимал дефолт пен әлеуметтік шиеленістің күшеюі туралы ескертіп, дағдарыстың алдын алу үшін институционалдық мәселелерді шешу қажеттігін атап өтті [38].

5. Zakon.kz

«Чем для казахстанцев обернется отмена регулирования цен на социальные продукты».

Фермерлер одағының атқарушы директоры Ақбар Мәуленов мемлекет шектеулер мен баждар енгізу арқылы аграрлық саясатқа шектен тыс араласпауы керек деген пікір айтады. Ол күнбағысты мысалға келтіріп, мұнда баж салығын енгізу және экспортқа тыйым салу май зауыттарына шаруаларға тиімсіз баға белгілеуге мүмкіндік берді дейді. Мұндай шектеулер шаруалардың қолын байлап, олардың өндірісінің дамуына кедергі келтіруі мүмкін деп есептейді. Сонымен қатар, бағаны реттеуді тоқтату шаруаларды өнім көлемін ұлғайтуға итермелейді деп есептейді, өйткені жоғары бағалар көлемді ұлғайтуға ынталандырады, бұл сайып келгенде бәсекенің күшеюіне және бағаның төмендеуіне әкеліп соңында бағаны нарықтың өзі реттейді деген пікірде.

«Қазақстан картоп және көкөніс өсірушілер одағы» басшысы Қайрат Бисетаевтың пікірінде әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасын реттеу сынға алынған. Ол мұндай шектеулер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге зиянын тигізіп, жалпы ауыл шаруашылығының дамуына жағымсыз салдар тудыруы мүмкін екенін айтады.

Жалпы пікірі әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бағаны реттеудің қолданыстағы жүйесіне сыни баға беріп, халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы қолдау мен ауыл шаруашылығын дамытудың баламалы тәсілдерін ұсынады.

Қаржыгер Расул Рысмамбетов бұл бастаманы дұрыс деп санайды және халықтың осал топтарын әлеуметтік қолдауды сақтау қажеттілігімен келіседі. Ол әлеуметтік маңызы бар 19 өнімнің басым бөлігі Қазақстанда өндірілетінін атап көрсетіп, Қазақстан бағаны мемлекеттік реттеуден біртіндеп бас тартуы керек, өйткені бұл өндірушілердің мүмкіндіктерін шектейді деген пікірін білдіреді. Тауар өндірушілер көбінесе шекті бағаның белгіленуіне байланысты өз өнімдерінің бағасын көтере алмайтынын және бұл олардың өнім сапасын

дамытуға және жақсартуға инвестиция салуға кедергі келтіретінін баса айтады [39].

6. Liter.kz

«Решили поддержать одних, а ущемили других – эксперты о регулировании цен на СЗПТ».

Агроқозғалыс басшысы Алмасбек Садырбай мемлекеттің баға саясатын қолдауды жақтап, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын Қазақстан нарығының өзі реттейтінін алға тартады. Ол Қазақстанда бағаны реттеудің жоқтығын, әкімдердің демонстрациялық әрекеттері тиімсіз екенін айтады. Садырбай нарықтың өзі мемлекеттің араласуынсыз бағаны реттей алады деп есептейді.

Қазақстан ауыл шаруашылығы кооперативтері ұлттық одағының басшысы Мырзахмет Өксікбаев халықтың осал топтары үшін жеңілдіктер жүйесін ұсына отырып, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын мемлекеттік реттеуден бас тартуды қолдайды. Ол қазіргі шаралардың тиімсіздігін айтып, мысал ретінде Ресейдегідей азық-түлік карталарын енгізуді ұсынады. Сондай-ақ, бағаны реттеудің өндірушілер үшін жағымсыз салдарын атап өтіп, азық-түлік қауіпсіздігі туралы заң әзірлеу қажеттігін атап өтті.

Экономист Қуат Акижанов әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын мемлекеттік реттеуден бас тарту әлеуметтік шиеленістің жиналуына әкеледі деп санайды. Ол азық-түлік бағасы бірнеше жүз пайызға көтерілген 90-шы жылдардағы баға саясатының тәжірибесін көрсетеді. Табысы төмен Қазақстан халқының көпшілігі бюджетінің 70 пайызын азық-түлікке жұмсайтынын атап өтті.

Экономист Қазақстандағы агроөнеркәсіптік кешеннің рентабельсіздігіне тоқталып, әлемдік тәжірибеде бұл салаға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетінін айтады. Ол Ресей мен Беларусь сияқты басқа елдер беретін субсидияларға байланысты қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігіне алаңдаушылық білдіреді. Оның пікірінше, Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар тауарларға бағалық шектеулерді алып тастау осы жағымсыз салдарлардың орнын толтыру әрекеті болып табылады, бірақ сайып келгенде, кейбіреулердің мүдделеріне нұқсан келтіруге және басқаларды қолдауға әкелуі мүмкін дейді.

Экономист Мұрат Қазтаев бағаның көтерілуі мәселесін шешуге кешенді көзқарас қажет деген пікірін білдіреді. Ол нарықта тауар тапшылығын тудырудың жағымсыз салдарын атап көрсетеді, оның пікірінше, бұл тек бағаның өсуін тездетеді. Қазтаев бағаны мемлекеттік реттеу мен нарықтағы шектеулер нарықтық экономиканың принциптеріне қайшы келеді деп есептейді. Оның орнына бағаның еркін қалыптасуына жағдай жасап, отандық өндірушілерді ынталандырып, инфляциямен күресуді ұсынып отыр. Ол сондай-ақ елдегі тауарларға тұрақты тиімді сұранысты қамтамасыз ету және экономикалық белсенділікті жандандыру үшін үй шаруашылықтарының кірістерін арттырудың маңыздылығын атап көрсетеді [40].

7. Informburo.kz

«Хлеб, молоко, яйца: подорожают ли они, когда государство

перестанет регулировать цены?».

«Қазақстан астық өңдеушілер одағы» төрағасы Евгений Ган нан сияқты әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасына мемлекеттік бақылауды алып тастауды қолдайды. Бұл мемлекеттік шығындарды азайтады және халықтың басым бөлігі үшін бағаға айтарлықтай әсер етпейді деп есептейді, себебі 2000 жылдары нан тұтыну себетінің 16% құраса бүгінде 5%-дан аспайды. Сонымен қатар, ол халықтың әлеуметтік осал топтарын атаулы қорғауды енгізуді ұсынып, мұндай өзгерістерді бизнес те қолдайтынын алға тартады.

«Сүт одағы» атқарушы директоры Владимир Кожевников әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасына мемлекеттік бақылауды алып тастау бағаға қатты әсер етпейді, өйткені оны нарық қалыптастырады деп есептейді. Ресейдің санкцияда болуына байланысты және Беларусь өндірісі ауқымына байланысты ол жақтан келетін импорттық тауарлардың бағасы арзан болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Сонымен қатар, Үкімет те бағаның тым қымбаттап кетпеуін бақылап отырады.

«Қазақстанның жұмыртқа өндірушілері қауымдастығы» вице-президенті Максим Божко жұмыртқаның бағасын реттеуді алып тастау оның құнына айтарлықтай әсер етпейді, өйткені ол сұраныс пен ұсыныстың әсерінен қалыптасады деп санайды. Оның айтуынша, жұмыртқа бағасы маусымдық ауытқуларға ұшырайды, оған Жаңа жыл қарсаңында, Наурыз және Пасха секілді мерекелік кезеңдер мен Ресейдегі жұмыртқа тапшылығы сияқты факторлар да әсер етеді. Ол халықтың әлеуметтік осал топтары үшін өнімнің қолжетімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап көрсетеді. Божко бағаны мемлекеттік реттеуді алып тастау нарықтағы бұрмалануларды болдырмауға және тұрақты баға жағдайына әкелетініне сенім білдіреді [41].

8. КУРСИВ

«Сенат поддержал желание правительства перестать контролировать цены на социальные продукты».

Парламент Сенатының отырысында депутат Бауыржан Қаниев әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті және шекті рұқсат етілген бағаларды жоюға қатысты ұсыныстарын айтты. Ол сауда ставкасына жоспарлы бақылаудың тиімділігіне күмән келтіріп, тұрақтандыру қорларының қызметі негізінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандырудың қолданыстағы тетіктеріне қатысты мүдделі орталық мемлекеттік орган өкілдеріне келесі сұрақтарды қойды:

1. Сауда бағасына мемлекеттік бақылау қалай жүзеге асырылады?
2. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандырудың жаңа тетіктерін пайдалану қарастырылған ба?
3. Тұрақтандыру қорларын реформалау жоспарда бар ма?

Депутат шектеусіз делдалдар арқылы өндірушіден тұтынушыға дейінгі тауардың бүкіл жолындағы сауда үстемелерін қадағалаудың қиындығына алаңдаушылық білдірді. Ол сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын бақылаудың жоспарланған тетігінің тиімділігіне күмән келтіріп, бағаны тұрақтандырудың қолданыстағы тетіктеріне ықтимал

өзгерістер мен тұрақтандыру қорларын реформалау туралы мәселені көтерді.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребеу жауабында біріншіден, айыппұлдар енгізу арқылы әкімшілік жауапкершілікті күшейту бұзушылықтарға жол бермеуге байыпты қарауды болжайды. Мәселен, үстемеақыны бұзған жағдайда шағын кәсіпорындарға 5 АЕК (18 460 теңге), ортасына 35 АЕК (129 220 теңге), ірі жеткізушілерге 150 АЕК (553 800 теңге) көлемінде айыппұл салынатыны хабарланды.

Сонымен қатар, мемлекеттік бақылауды алдын ала ескертусіз жүргізу мүмкіндігі бұзушылықтардың жолын кесу шараларын күшейтеді, бұл оларды ықтимал бұзушылар үшін болжау мүмкіндігін азайтады. Өнімнің қадағалануының ұлттық жүйесін енгізу - нақты уақыт режимінде өнім бағасын бақылауға және нарықтағы кез келген ауытқуларға немесе жол берілмейтін өзгерістерге жедел ден қоюға мүмкіндік беретін инновациялық қадам.

Сайып келгенде, министрлікке сауда субъектілерін инфрақұрылым жағынан мемлекеттік қолдау шараларын қамтамасыз ету құзыретін беру баға тұрақтылығын қамтамасыз етудің кілті болып табылады. Бұл нарықтағы өзгерістерге икемді жауап беруге және тұтынушылар үшін өнімнің өзіндік құнын төмендету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков жауабында жетілдіру тетігіне қатысты бүгінгі күні бізде 9 тауар бойынша тұрақтандыру форвардтық сатып алуды жүзеге асырудамыз, яғни ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен тікелей келісім-шарттар жасаймыз. Сонымен қатар, мемлекет басшының тапсырмасы аясында, «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы орталықтандырылған сатып алуды, оның ішінде форвардты сатып алуды жүргізетін болады. Ұлттық компания әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында өндірушілермен, қайта өңдеушілермен және сауда желілерімен үшжақты келісім-шарттар жасайтын болады» [42].

Осылайша, деректерді контент талдау Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын реттеуден алшақтау заң шығарушылар, экономисттер мен өндірушілер арасында белсенді талқылау нысанасына айналғанын көрсетеді. Нарықтық экономика тетіктері негізінде бағаны неғұрлым икемді реттеуді қамтамасыз ету мақсатында мұндай тауарларға шекті және шекті рұқсат етілген бағаны белгілеуді жою және сауда профицитін бақылауға көшу туралы шешім ұсынылды. Сенаторлар шекті және шекті бағаларды алып тастауды қолдады.

Дегенмен, жаңа бақылау жүйесінің тиімділігіне алаңдаушылық пен күмән бар. Кейбір экономистер мен өндірушілер, әсіресе тауардың өндірушіден тұтынушыға дейінгі делдалдардың шектеусіз санына дейінгі жолының барлық кезеңдерінде, сауда үстемелерін бақылау мен бақылаудағы қиындықтарға алаңдаушылық білдірді. Бұл күрделіліктер нарықтағы баға саясатының ашықтығы мен әділдігіне қатысты мәселелерге әкелуі мүмкін.

Салалық одақтар мен мемлекеттік қызметкерлер де бақылаудың жаңа жүйесі жақсы жұмыс істейтінін алға тартады. Уәкілетті органдар 15% сауда

үстемесі ережесін бұзғаны үшін сауда субъектілеріне қатысты әкімшілік жауапкершілікті күшейтуге және нарықтағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін орталықтандырылған сатып алу тетіктерін енгізілетіні туралы баяндап отыр.

Қалыптасқан үрейлер мен қиындықтарға қарамастан, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын реттеуді жою туралы шешім нарықтық экономиканы дамыту жолындағы маңызды қадам. Дегенмен, азық-түлік нарығында тұрақтылық пен әділеттілікті қамтамасыз ету үшін тұрақтандыру қорларын мониторингілеу, бақылау және реформалау бойынша қосымша шаралар қабылдау қажет екендігін көрсетіп отыр. Сондай-ақ, түпкі тұтынушылардың азық-түлік тауарларын сатып алу қабілеттілігін арттыру үшін халықтың табыс көлемін, яғни әл ауқатын көтеру бойынша шараларды жүргізу қажет.

3.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру жағдайын бағалау бойынша жүргізілген сұхбат пен контент талдау нәтижесі негізінде бағаны тұрақтандыру тетіктерін жетілдіру және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу үшін келесідей ұсыныстар енгізіледі.

1. Өнім түрлеріне деген сұраныс пен ұсынысты анықтайтын және сату мен сатып алу бағаларын күнделікті бақылауға мүмкіндік беретін жүйені (сайт) жасақтап, іске қосу.

Бұл баға мен сұраныс мониторингі жүйесі барлық мүдделі тараптарға стратегиялық шешімдер қабылдау үшін қажетті құнды деректерді береді. Өндірушілер баға мен сұраныс туралы ақпаратты өз өнімдерін нарық қажеттіліктеріне сай бейімдеу және өндірістік процестерін оңтайландыру үшін пайдалана алады. Жаңартылған баға мен сұраныс деректеріне қол жеткізе алатын бөлшек сауда желілері олардың ассортиментін тиімдірек басқара алады, бәсекеге қабілетті бағаларды сақтай алады және тауарлық-материалдық қорлар деңгейін оңтайландырады. Тұтынушылар үшін бұл бәсекеге қабілетті бағамен өнімнің кең ауқымына қол жеткізуді білдіреді, өйткені бағалар нақты сұраныс пен ұсынысты көрсетеді. Мемлекеттік органдар жиналған деректерді нарықтағы баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге және тұтынушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған делдалдарсыз бағаны реттеу саясатын әзірлеу және іске асыру үшін, «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы өнімдерді орталықтандырылған сатып алуды жүзеге асыруда пайдалана алады. Осылайша, экономикалық процестің барлық қатысушыларына тиімдірек және ашық нарықтық ортаны құруда баға мен сұранысты бақылау жүйесі маңызды

рөл атқарады.

Бұл жүйенің жұмысын сауда қызметін реттеумен айналысатын Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі ұйымдастыруы қажет деп есептеймін. Ол үшін алғы шарттар да бар, себебі ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қолдау шараларының екі қағидасына «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау», «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау» енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес мемлекеттік қолдауға қатынасушы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесіне кіретін өнімді өндірумен айналысатын және Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына сәйкес бекітілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең төменгі мөлшерінен асатын жер учаскелерінің алаңы бар ауыл шаруашылығы құрылымдарына қарсы міндеттемелер енгізілген.

Оған сәйкес мемлекеттік қолдау алатын тауар өндірушілер жергілікті атқарушы органдамен және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитетінің аумақтық департаменттерімен өндірілген өнімді нарықтық бағалар бойынша Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің ақпараттық жүйесі арқылы өткізу туралы қарсы міндеттемелерді орындау туралы келісім жасайды деп көрсетілген. Келісімді іске асыру 2024 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап жүзеге асырылуы тиіс [43, 44].

Бүгінгі таңда бұл шаралар әлі күнге басталған жоқ. Сондықтан аталған ақпараттық жүйені ұсынылған жүйенің мүмкіндіктерімен қамтамасыз ете отырып іске қосу қажет деп есептеймін.

2. Тауар өндірушілерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесіне кіретін өнімді өндірумен айналысатын және Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына сәйкес бекітілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең төменгі мөлшерінен асатын жер учаскелерінің алаңы бар ауыл шаруашылығы құрылымдарына қойылатын қарсы міндеттемелер қарсы міндеттемелер енгізілмеген мемлекеттік қолдау бағдарламаларының келесі қағидаларына аталған талапты енгізу бойынша толықтырулар енгізу.

Олар:

✓ «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығы [45];

✓ ««Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 185 бұйрығы [46];

✓ ««Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 339 бұйрығы [47];

✓ «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығы [48];

✓ «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығы [49].

Бұл бағдарламаларға мал және өсімдік шаруашылығынан бөлек, көкөніс өсірумен және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеп тұтынуға дайын өнім, соның ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндіретін қайта өңдеуші кәсіпорындар да қатынасады. Бұл кәсіпорындарға қарсы міндеттемелердің енгізілуі тұрғындар үшін өнімдердің қолжетімділігін жақсартып, ішкі нарықты қанықтыруға және қарсы міндеттемелермен қамтылатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының көлемін көбейтуге мүмкіндік береді.

12-кесте - Қағидалардың «Субсидияларды алу шарттары» бөлімдерін толықтыру ұсынылады

Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	Негіздеме
-	<p>Субсидия алатын ауыл шаруашылығы тауарөндірушілер мен қайта өңдеуші кәсіпорындар (ауылшаркооперативтері) жергілікті атқарушы органдармен және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің (бұдан әрі – СИМ) Сауда комитетінің аумақтық департаменттерімен өндірілген өнімді СИМ-нің ақпараттық жүйесі арқылы нарықтық бағалармен өткізу бойынша қарсы міндеттемелерді орындау туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жасайды.</p> <p>Келісімді орындау шарттары субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде, оның ішінде СИМ-нің ақпараттық жүйесімен интеграциялық өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады.</p>	<p>Ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялау қағидаларына қарсы міндеттемелерді енгізу әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдердің бағасын тұрақтандыру және халық үшін тауарлардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін елеулі мәнге ие болады. Мұндай міндеттемелерді өз мойнына алатын кәсіпорындар белгілі бір уақыт аралығында өз өнімдерінің тұрақты бағасын қамтамасыз етеді, бұл нарықтағы бағаның күрт өзгеруіне жол бермейді және тұтынушылардың мүдделерін қорғайды.</p>

12-кестенің жалғасы

	<p>Осы тармақтың нормалары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32474 болып тіркелген) бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесіне кіретін өнімді өндірумен айналысатын және Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына сәйкес бекітілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең төменгі мөлшерінен асатын жер учаскелерінің алаңы бар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, қайта өңдеуші кәсіпорындарға (ауылшаркооперативтеріне) қолданылады.</p> <p>Келісімді іске асыру 2024 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап жүзеге асырылады.</p>	<p>Бұл өндірушілерге де, тұтынушыларға да қолайлы әділ және тұрақты баға ортасын құруға ықпал етеді. Жоспарланған қағидаларға өзгеріс енгізу қарсы міндеттемелермен қайта өңдеуші кәсіпорындар мен көкөніс өндіруші шаруашылықтарды қамти отырып әлеуметтік-маңызы бар азық-түлік тауарларының қайта өңделген өнім түрлеріне де аталған механизмді қолдануға мүмкіндік береді.</p>
<p>Ескертпе: Кесте автормен [43, 44] дереккөздер негізінде құрастырылған.</p>		

3. Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңының 9-бабына өзгерістер енгізу ұсынылады, өзгеріс өндірушіден сөреге дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына үстеме баға делдалдар санына қарамастан 15% - дан аспауы тиіс. Себебі бүгінгі таңдағы редакцияда келесідей жазылған:

«Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген, өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді.

Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары бірнеше өндірушіден немесе көтерме сауда арқылы берушіден болған жағдайда, неғұрлым төмен құны бар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген, өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді» [13].

Яғни бұл редакцияға сәйкес тек соңғы жеткізушіден ғана алынған бағаға 15% дейінгі үстемені қосуға болатынын ал бірнеше жеткізуші болса соның тек ең арзан бағада ұсынған өнімге ғана шектеулі үстемені ұстану қажеттігі көрсетілген. Ал одан жоғары бағада келген өнімдер бағасының үстемесіне шектеу қарастырылмаған.

Сауда қызметін реттеу туралы заңның қолданыстағы редакциясы кейбір қымбат тауарлар бағасының айтарлықтай өсуіне әкеліп соқты, бұл халықтың айтарлықтай бөлігінің бұл тауарларды сатып алуын қиындатады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттілігі

әсіресе экономикалық тұрақсыздық пен әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі жағдайында өзекті болып отыр. Ұсынылып отырған заң өзгерісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны бақылаудың тиімді тетіктерін құруға бағытталған. Бұл бағаның негізсіз өсуіне жол бермеуге және халықтың барлық топтары үшін осы тауарлардың қолжетімділігін сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өндірушілер мен түпкілікті сатушылар арасындағы делдалдардың санын қысқартуға және жеткізу тізбегін оңтайландыруға көмектеседі, бұл баға тұрақтылығына және жалпы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге оң әсер етеді.

13 – кесте - Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңына ұсынылатын өзгерістер бойынша салыстырмалы кесте

Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	Негіздеме
2-тарау, 9-бап, 1-тармақ	<p>Абзацтар :</p> <p>«Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген, өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді.</p> <p>Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары бірнеше өндірушіден немесе көтерме сауда арқылы берушіден болған жағдайда, неғұрлым төмен құны бар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген, өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді.»</p>	<p>Абзац:</p> <p>«Ішкі сауда субъектісі өндірушіден сөреге дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына үстеме бағаны делдалдар санына қарамастан шекті сауда үстемесінің мөлшерін он бес пайыздан аспайтын көлемде белгілейді.»</p>	<p>Ұсынылып отырған заңнамалық өзгеріс бағаны тиімді бақылау және жеткізу тізбегіндегі делдалдарды қысқарту арқылы халықтың барлық топтары үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қолжетімділігін қамтамасыз ететін болады.</p>
Ескертпе: Кесте автормен [13] дереккөзді талдау негізінде құрастырылған.			

4. Әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасын бақылау және реттеуге қатысты функцияларды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен және Жергілікті атқарушы органдардан Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды

дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі заңына өзгеріс енгізу арқылы алып, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі заңын толықтыру арқылы беру заңнамадағы стратегиялық маңызды өзгеріс болады. Бұл нарықтық процестерді тиімдірек басқаруды, бюрократиялық процедураларды азайтуды және экономиканың әртүрлі секторлары арасындағы үйлестіруді арттыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне азық-түлік, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту және нарықтағы ұсыныс тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты негізгі міндеттерге жұмылуға мүмкіндік береді. Осылайша, заңнамаға ұсынылып отырған өзгеріс әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бағаны тиімдірек бақылауға және экономикалық тұрақтылықты қолдауға ықпал етеді.

Ол үшін заңнамада келесідей өзгерістер енгізу ұсынылады.

14 – кесте - Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңына өзгеріс енгізу бойынша салыстырмалы кесте

Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	Негіздеме
2-тарау, 6-бап, 1-тармақ	4-1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін бекіту;	-	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 01 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында азық-түлік өнімдерін өндірушілерден тұтынушыларға дейінгі аралықтағы бағаны бақылауда бір мемлекеттік мекемені басты орган ретінде айқындау туралы берген тапсырмасы.
2-тарау, 6-бап, 1-тармақ	39) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;	-	Республика көлемінде пайдаланылатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын әзірлеп және бекітуі ұсынылады. Сондықтан әрбір өңірге бекітуде басшылыққа алу үшін үлгілік қағидалары әзірлеп, бекітуге қажеттілік болмайды.

14 – кестенің жалғасы

<p>2-тарау, 6-бап</p>	<p>«3-тармақ. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның құзыретіне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту кіреді.»</p>	<p>-</p>	<p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 223-VII ҚРЗ-мен енгізілген аталған заңдағы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне қатысты жалғыз тармақ аталған министрліктің құзіреттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңына енгізу ұсынылады.</p>
<p>2-тарау, 7-бап</p>	<p>8-1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру; 17-3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдардан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру; 17-4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі комиссияны құру және оның жұмысын ұйымдастыру; 17-10) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту; 17-11) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекіту;</p>	<p>-</p>	<p>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 01 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында азық-түлік өнімдерін өндірушілерден тұтынушыларға дейінгі аралықтағы бағаны бақылауда бір мемлекеттік мекемені басты орган ретінде айқындау туралы берген тапсырмасы.</p>
<p>Ескертпе: Кесте автормен [12] дереккөзді талдау негізінде құрастырылған.</p>			

14-кестеге сәйкес Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңынан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне қатысты 2 құзіреттілікті, жергілікті атқарушы органдарға қатысты 5 құзіреттілікті және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне қатысты 1 құзіреттілікті, барлығы 8 құзіреттілікті алып тастау ұсынылып отыр [12].

Одан әрі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 01 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында азық-түлік өнімдерін өндірушілерден тұтынушыларға дейінгі аралықтағы бағаны бақылауда бір мемлекеттік мекемені басты орган ретінде айқындау туралы берген тапсырмасын орындау және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне құзіреттілігін бір Заңның аясына жинақтау мақсатында Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңын келесі 15-кестеде көрсетілген 7 құзыреттілікпен толықтыру ұсынылады [13].

Аталмыш 7 құзіреттіліктің ішінде Республика көлемінде пайдаланылатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын әзірлеп және бекіту құзіреттілігі қарастырылуына байланысты, өңірлерге осындай қағидаларды даярлап бекітуге басшылыққа алу үшін үлгілік қағиданы әзірлеп, бекітуге қажеттілік болмайды. Сондықтан бір құзыреттілік, яғни «әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту» құзыреттілігін мүлдем алып тастау ұсынылады.

15 – кесте - Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңына өзгеріс енгізу бойынша салыстырмалы кесте

Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	Негіздеме
2-тарау, 7-бап, 1-тармақ	-	- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту; - Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін бекіту; - Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 01 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында азық-түлік өнімдерін өндірушілерден тұтынушыларға дейінгі

15 – кестенің жалғасы

	-	<p>- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдардан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;</p> <p>- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі комиссияны құру және оның жұмысын ұйымдастыру;</p> <p>- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;</p> <p>- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекіту.</p>	<p>аралықтағы бағаны бақылауда бір мемлекеттік мекемені басты орган ретінде айқындау туралы берген тапсырмасын орындау және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне құзіреттілігін бір Заңның аясына жинақтау</p>
<p>Ескертпе: Кесте автормен [13] дереккөзді талдау негізінде құрастырылған.</p>			

ҚОРЫТЫНДЫ

Әлемдік қоғамдастықтың қарқынды жаһандануы жағдайында азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етудің маңызы артып келеді. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы өмірлік маңызды мүдделерін қорғау ұлттық қауіпсіздік проблемаларын шешу призмасы арқылы кеңейтіледі және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін және нақты егемендігін қамтамасыз ету үшін мұқият зерделеуді талап ететін ХХІ ғасырдың ең өзекті проблемаларының бірі болып табылады.

Магистрлік жоба барысында Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету контекстінде бағаны тұрақтандыру тетіктерін кешенді бағалау жүргізілді. Зерттеудің мақсаты азық-түлік тауарлары нарығындағы баға динамикасына әсер ететін факторларды анықтау, сондай-ақ баға саясатын реттеудің қолданыстағы тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болды.

Деректер мен әдеби дереккөздерді талдау бірнеше негізгі аспектілерді анықтады. Біріншіден, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Азық-түлік бағасына халықтың барлық топтары, әсіресе аз қамтылған отбасылар, қарттар мен балалар сияқты осал топтар үшін азық-түліктің қолжетімділігі байланысты.

Әрі қарай, азық-түлік қауіпсіздігі мемлекет үшін басым міндет болып қала береді. Азық-түліктің тұрақты және барабар бағасын қамтамасыз ету қажеттілігі ұлттық стратегия деңгейінде де, халықаралық деңгейде де расталады. Азық-түлік қауіпсіздігі Ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықтың ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігі бойынша үздік болған Австрия, АҚШ, Франция, Финляндия сияқты Еуропа елдерінің бағаны тұрақтандыру механизмдеріне талдау жасалды. Талдау қортындысы бойынша азық-түлік өнімдерін өткізу мен жеткізудің инновациялық әдістерін қолдану қажеттілігі мен бағаны мемлекеттік реттеудің заманауи әдістерін дамыту мен өнімді өткізуді үйлестірудің оңайлатылған схемасын әзірлеу қажеттігі анықталды және бұл шаралардың бағаны тұрақтандырумен қатар саланы дамуын ынталандыратыны белгілі болды.

Мүдделі тараптар мен сарапшылармен сұхбат, сондай-ақ әлеуметтік желідегі деректерге жүргізілген контент-талдау бағаны тұрақтандыру проблемасының өзектілігін және баға саясатын реттеу тетіктері мен құралдарын жетілдіру қажеттілігін растады. Нәтижелер бағаны тұрақтандырудың ағымдағы тәсілдері азық-түлік тауарлары нарығында бағаны тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін одан әрі дамыту мен жаңғыртуды талап ететінін көрсетті.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде нормативтік құқықтық актілер, соның ішінде Заңдар мен мемлекеттік қолдау бағдарламаларының қадидалары қамтылып, шетелдік тәжірибені зерттей келе, сұхбат нәтижесін ескере отырып бағаны тұрақтандыру тетіктерін жетілдіруге келесідей ұсыныстар берілді:

1. Өнім түрлеріне деген сұраныс пен ұсынысты анықтайтын және сату мен сатып алу бағаларын күнделікті бақылауға мүмкіндік беретін жүйені жасақтап, іске қосу.

2. Ауыл шаруашылығы құрылымдарына қойылатын қарсы міндеттемелер қарастырылмаған мемлекеттік қолдау бағдарламаларының қағидаларына ішкі нарықты белгіленген бағамен әлеуметтік-маңызы бар азық-түлік өнімдерімен қанықтыруға қатысты толықтырулар мен өзгерістер енгізу.

3. Тауар өндірушіден сөреге дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына үстеме бағаны делдалдар санына қарамастан 15% - дан асырмау туралы міндеттеу жөнінде Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңының 9-бабына өзгерістер енгізу [13].

4. Әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасын бақылау және реттеуге қатысты функцияларды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен және Жергілікті атқарушы органдардан Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне беру үшін келесі заңдарға өзгерістер енгізу ұсынылды:

✓ Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңы [12];

✓ Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңы [13].

Әзірленген ұсынымдар мен қорытындылар Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бағаларды тұрақтандыру тетіктерін жетілдіру жөнінде нақты шаралар қабылдау үшін негіз бола алады. Мұндай шаралар нарық мониторингін жақсартуға, баға саясатын реттеудің икемді стратегияларын әзірлеуге және аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесуге ықпал етеді.

Сондай-ақ, жүргізілген сұхбаттардың қорытындысы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктерін жақсарту қажеттігін растайды. Бұл бағаны реттеуді ғана емес, сонымен қатар отандық өндірісті дамытуды ынталандыруды, қоймалар мен жеткізу тізбегін басқару жүйесін жетілдіруді, сондай-ақ мүдделі тараптармен белсенді өзара іс-қимылды қамтитын кешенді тәсілді талап ететін көрсетті.

Жалпы магистрлік жоба Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігі мен азық-түлік тауарларының қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін тұрақты және тиімді баға саясатының маңыздылығын қамтиды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Тұрақты даму мақсаттары // Экономикалық зерттеулер институтының ресми сайты. - URL: https://economy.kz/kz/Celi_ustojchivogo_razvitija/Tseli_TSUR/. Жүгінген күні: 29.01.2024 ж.
- 2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2021 жылғы 01 қыркүйек // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. - URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>. Жүгінген күні: 29.01.2024 ж.
- 3 З. Айдынова, Ж. Даухарин, Ж. Халиуллин Қазақстан Республикасының астық секторындағы өндірістік процестерді модельдеу: жаңа шешімдер // Аграрлық нарық проблемалары, №4, 2023. 102-111 б.
- 4 Римская декларация о всемирной продовольственной безопасности// Всемирный продовольственный саммит 13-17 ноября 1996 г. Рим, Италия. URL: https://translated.turbopages.org/proxy_u/en-ru.ru.6cb80433-65d31e59-41443fc7-74722d776562/https/en.wikisource.org/wiki/Rome_Declaration_on_World_Food_Security. Жүгінген күні: 19.02.2024 ж.
- 5 С. Мизанбекова, Б. Калыкова, А. Джумабаева. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету // Аграрлық нарық проблемалары, №4, 2020. 31-39 б.
- 6 К. Тиреуов, С. Мизанбекова, И. Мизанбеков Продовольственная безопасность как важный фактор социально-экономического развития страны // АГРАРНАЯ ЭКОНОМИКА., №3. 2020. стр. 63-72.
- 7 С. Капанова, А. Гиззатова, С. Есенғалиева Қазақстан халқы үшін азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі // Аграрлық нарық проблемалары, №1. 2019. 48-55 б.
- 8 А. Сейсинбинова Қазақстан Республикасындағы тамақ өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін бағалау // Аграрлық нарық проблемалары, №3. 2019. 183-190 б.
- 9 Кошеббаева Г.К., Алпысбаева Н.А., Бирюков В.В. Анализ и перспективы продовольственной безопасности Республики Казахстан // Вестник Алтайской академии экономики и права. № 4. 2018. стр. 57-69.
- 10 Бородин К.Г. Экономическая доступность продовольствия: факторы и методы оценки // Экономический журнал ВШЭ. № 4. 2018. стр.563–582.
- 11 Сушенцова С. С. Экономическая доступность продовольствия для населения страны //Никоновские чтения. №19. 2014. С. 173-175.
- 12 Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000066> . Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

13 Сауда қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: [Сауда қызметін реттеу туралы - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](http://adilet.zan.kz). Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

14 Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

15 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 9 маусымдағы № 380 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000380>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

16 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P050000310>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

17 «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G20NZ000009>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

18 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 190 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G19NT000190>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

19 «Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 ақпандағы № 28 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G24Z000028A>. Жүгінген күні: 28.03.2024 ж.

20 «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы Батыс Қазақстан облысы

әкімдігінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № 146 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G22Z000146A>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

21 «Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 153 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G22Z000153A>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

22 Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032474>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

23 Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014674>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

24 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының сайты. // – URL: <https://stat.gov.kz/>. Жүгінген күні: 20.02.2024 ж.

25 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960>. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

26 «Азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін есептеудің әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 184 бұйрығы // «Юрист» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35267919. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

27 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің «Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының 4 және 6 белгі деңгейдегі «тауар-ел» бөлігіндегі экспорты мен импорты» электрондық кесте түріндегі статистикалық мәліметтері https://kgd.gov.kz/ru/exp_trade_files%20/%20kgd.gov.kz. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.

28 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa>. Жүгінген күні: 13.03.2024 ж.

29 Инфляцияны төмендету және азаматтарды қолжетімді бағада азық-түлікпен қамтамасыз ету: Әлихан Смайылов Үкіметтің 2023 жылғы міндеттері туралы // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурс. <https://primeminister.kz/kz>. Жүгінген күні: 13.03.2024 ж.

30 Об индексах потребительских цен в Евразийском экономическом союзе // Официальный сайт Евразийской экономической комиссий. <https://eec.eaeunion.org/kk/>. Жүгінген күні: 13.03.2024 ж.

31 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрдігінің Сауда комитетінің ресми сайты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sauda?lang=kk&ysclid=1w6i3r6ap4486239275>. Жүгінген күні: 13.03.2024 ж.

32 Лев М. Государственное регулирование цен в зарубежных странах. – Litres, 2022. Стр. 21-36.

33 Панасюга Н. П. Опыт ценового регулирования в странах ЕС // Вестник Белорусской государственной сельскохозяйственной академии. №. 4. 2021. Стр. 14-17.

34 М.Б. Толысбаева, К.А. Кирдасинова Азық-түлік бағасын реттеудің инновациялық тәсілдері // Экономическая серия вестника ЕНУ имени Л.Н. Гумилева № №4. 2020. 123-131 б.

35 Отказаться от регулирования цен на соцпродукты намерены в РК // Inbusiness.kz. – URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/otkazatsya-ot-regulirovaniya-cen-na-socprodukty-namereny-v-rk>. Жүгінген күні 20.03.2024 ж.

36 Депутат предложил отказаться от госрегулирования цен на социально значимые продукты // Zakon.kz. – URL: <https://www.zakon.kz/sobytiia/6381290-deputat-predlozhit-otkazatsya-ot-gosregulirovaniya-tsen-na-sotsialno-znachimye-produkty.html>. Жүгінген күні 20.03.2024 ж.

37 Отказаться от госрегулирования цен на СЗПТ предлагает Минторговли РК // Eldala.kz. – URL: <https://eldala.kz/novosti/kazahstan/17368-otkazatsya-ot-gosregulirovaniya-cen-na-szpt-predlagaet-mintorgovli-rk>. Жүгінген күні 20.03.2024 ж.

38 С нового года цены на социально значимые продукты питания могут взлететь в десятки раз: что происходит // КАРАВАН. – URL: <https://www.caravan.kz/news/s-novogo-goda-ceny-na-socialno-znachimye-produkty-pitaniya-mogut-vzletet-v-desyatki-raz-cto-proiskhodit-971558/>. Жүгінген күні 20.03.2024 ж.

39 Чем для казахстанцев обернется отмена регулирования цен на социальные продукты // Zakon.kz. – URL: <https://www.zakon.kz/finansy/6419033-chem-dlya-kazahstantsev-obernetsya-otmena-regulirovaniya-tsen-na-sotsialnye-produkty.html>. Жүгінген күні 20.03.2024 ж.

40 Решили поддержать одних, а ущемили других – эксперты о регулировании цен на СЗПТ // Liter.kz. – URL: <https://liter.kz/reshili-podderzhat-odnikh-a-ushchemili-drugikh-eksperty-o-regulirovanii-tsen-na-szpt-1704445587/>. Жүгінген күні 20.03.2024 ж.

41 Хлеб, молоко, яйца: подорожают ли они, когда государство перестанет регулировать цены? // Informburo.kz. – URL: <https://informburo.kz/stati/xleb-moloko-yaica-podorozayut-li-oni-kogda-gosudarstvo-perestanet-regulirovat-ceny>. Жүгінген күні 20.03.2024 ж.

42 Сенат поддержал желание правительства перестать контролировать цены на социальные продукты // КУРСИВ. – URL: <https://kz.kursiv.media/2024-02-22/zmzh-produkty-pitaniya/>. Жүгінген күні 20.03.2024 ж.

43 Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020209>. Жүгінген күні: 29.01.2024 ж.

44 Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018404>. Жүгінген күні: 29.01.2024 ж.

45 «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012183>. Жүгінген күні: 29.01.2024 ж.

46 ««Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 185 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020741>. Жүгінген күні: 29.01.2024 ж.

47 ««Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 339 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025313>. Жүгінген күні: 29.01.2024 ж.

48 «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын

сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017741>. 29.01.2024 ж.

49 «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017320>. Жүгінген күні: 29.01.2024 ж.

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша

Жоба тақырыбы: «Қазақстан Республикасында азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бағаны тұрақтандыру тетіктерін жетілдіру»

Тема проекта: «Совершенствование механизмов стабилизации цен в обеспечении продовольственной безопасности в Республике Казахстан»

АНКЕТА

1. Сіздің жасыңыз нешеде?/Сколько Вам лет?

1. 20-35
2. 35-50
3. 50-70

2. Еңбек өтіліңіз неше жыл?/Сколько лет стажа работы?

1. 1-5.
2. 6-10.
3. 11-15.
4. 16 жоғары/более

3. Қандай салада қызмет етесіз?/В какой отрасли работаете?

1. Тауар өндіруші/Товаропроизводитель.
2. Сауда/Торговля.
3. Мемлекеттік қызмет орталық деңгей/Государственная служба на центральном уровне.
4. Мемлекеттік қызмет жергілікті деңгей/Государственная служба на местном уровне.

4. Сіздің лауазымыңыз?/Ваша должность?

1. Басшы/Руководитель.
2. Маман/Специалист.

5. Тұрақтандыру қорларының жұмысына қатысты пікіріңіз қандай? Оларға деген қажеттілік бар ма?/ Каково ваше мнение о работе стабилизационных фондов? Есть ли необходимость в них?

6. Өнім түрлеріне деген сұраныс пен ұсынысты анықтайтын және сату мен сатып алу бағаларын күнделікті бақылауға мүмкіндік беретін жүйенің

(сайт) қажеттілігі бар ма?/ Нужна ли система (сайт), определяющая спрос и предложение на виды продукции и позволяющая ежедневно отслеживать цены продаж и закупок?

1. Иә/Да.
2. Жоқ/Нет.

7. Сіз ол жүйеден (сайт) тағы қандай ақпараттар алғыңыз келеді?/ Какую еще информацию вы хотели бы получать от этой системы (сайта)?

8. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізіміне өзгеріс енгізу қажет пе? Қажет болған жағдайда қандай?/ Нужно ли вносить изменения в перечень социально значимых продуктов питания? Если да, то какие?

9. Мемлекеттік қолдау шараларына қатысқан тауар өндірушілерге қарсы міндеттемелердің енгізілуіне қатысты ойыңыз қалай?/Ваше мнение касательно введения встречных обязательств товаропроизводителям участвовавшим в мерах господдержки?

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты қандай ұсыныс берер едіңіз?/Чтобы вы предложили для стабилизации цен на социально значимые продукты питания?

11. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты шараларды тиімді атқару үшін қай мемлекеттік органға қосымша қандай құзіреттілік беру керек немесе бір мемлекеттік органнан екінші органға қандай құзіреттілікті ауыстыру керек деп есептейсіз?/Для эффективного проведения мероприятий, связанных со стабилизацией цен на социально значимые продовольственные товары, какой государственный орган следует наделить какими дополнительными полномочиями или какие полномочия следует передать от одного государственного органа к другому?

12. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға қатысты шараларды тиімді атқару үшін қандай нормативтік құқықтық актілерге нақты қандай өзгеріс енгізу қажет деп ойлайсыз?/Конкретно какие изменения, в какие нормативные правовые акты, по Вашему мнению, необходимо внести для эффективного проведения мероприятий, связанных со стабилизацией цен на социально значимые продовольственные товары?

13. Мемлекет тарапынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шаралары одан әрі жалғаса беру керек деп ойлайсыз ба?/ Считаете ли вы, что меры по стабилизации цен на социально значимые продукты питания со стороны государства должны быть продолжены?

1. Иә./Да.
2. Жоқ./Нет.

14. Неліктен олай ойлайсыз?/Почему так думаете?

2-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 3-кіреберіс,
тел.: +7(7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств,
проспект Мәңгілік Ел, 8, 3-подъезд,
тел.: +7(7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

№

26.02.2024 ж. № 3-1-9/ТФ-1744

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясы

2024 жылғы 2 ақпандағы № 03/234 хатқа

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі сіздің көкөніс қоймалары бойынша хатыңызды қарастырып, қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдайды.

Қосымша: 2 бет.

Вице-министр

А. Сұлтанов

Серікова Ә.Р. Тел: 555-989
rustamovna.a@minagri.gov.kz

№	Наименование области	Имеющийся объем емкостей хранения овощей					
		ВСЕГО		холод. оборудование	вент. оборудование	без климат контроля	% без климат
		кол-во	тонн				
1	Акмолинская	39,0	87 099,0	18 150,0	26 270,0	42 679,0	49,0
2	Актюбинская	30,0	35 474,0	13 000,0	18 774,0	3 700,0	10,4
3	Алматинская	44,0	85 580,0	30 850,0	42 300,0	12 430,0	14,5
4	Атырауская	6,0	30 200,0	-	30 200,0	-	-
5	ВКО	16,0	63 140,0	2 995,0	49 750,0	10 395,0	16,5
6	Жамбылская	204,0	308 608,0	33 055,0	88 800,0	186 753,0	60,5
7	ЗКО	54,0	69 035,0	17 000,0	43 035,0	9 000,0	13,0
8	Карагандинская	138,0	344 120,0	25 700,0	318 420,0	-	-
9	Костанайская	52,0	88 223,0	6 000,0	46 653,0	35 570,0	40,3
10	Кызылординская	10,0	13 294,0	4 930,0	6 894,0	1 470,0	11,1
11	Мангыстауская	4,0	18 350,0	-	2 500,0	15 850,0	86,4
12	Павлодарская	141,0	523 600,0	62 400,0	420 290,0	40 910,0	7,8
13	СКО	58,0	59 441,0	6 720,0	35 320,0	17 401,0	29,3
14	Туркестанская	27,0	97 565,0	46 515,0	45 950,0	5 100,0	5,2
15	Абай	13,0	51 860,0	900,0	20 750,0	30 210,0	58,3
16	Жетысу	25,0	35 470,0	4 000,0	10 800,0	20 670,0	58,3
17	Улытау	-	-	-	-	-	-
18	г. Астана	3,0	18 000,0	2 000,0	16 000,0	-	-
19	г. Алматы	-	-	-	-	-	-
20	г. Шымкент	6,0	46 308,0	15 308,0	31 000,0	-	-
ВСЕГО:		870,0	1 975 367,0	289 523,0	1 253 706,0	432 138,0	21,9

№	Наименование области	Потребность, тонн	Имеющийся объем емкостей хранения овощей, тонн	Обеспеченность в емкостях, %	Запланированный объем хранения овощных культур до 2025 года		в том числе:			
							2024 год		2025 год	
					кол-во	общая мощность, тонн	кол-во	общая мощность, тонн	кол-во	общая мощность, тонн
1	Акмолинская	83095,6	87 099	104,8	2	6200	2	6200	-	
2	Актюбинская	130179,7	35 474	27,3	3	13300	3	13300		
3	Алматинская	45840,0	85 580	186,7	9	69200	3	43000	6	26200
4	Атырауская	71897,0	30 200	42,0	2	19000	2	19000		
5	ВКО	90876,2	63 140	69,5	0	0				
6	Жамбылская	99059,1	308 608	311,5	1	15000	1	15000		
7	ЗКО	72708,8	69 035	94,9	6	34500	4	21500	2	13000
8	Карагандинская	173405,2	344 120	198,4	2	32000	1	20000	1	12000
9	Костанайская	96865,7	88 223	91,1	2	8000	2	8000		
10	Кызылординская	73541,8	13 294	18,1	4	12500	2	5000	2	7500
11	Мангыстауская	65218,3	18 350	28,1	1	20000	1	20000		
12	Павлодарская	100182,9	523 600	522,6	0	0				
13	СКО	48678,3	59 441	122,1	4	39880	2	6500	2	33380
14	Туркестанская	97610,5	97 565	100,0	6	64000	1	26000	2	15000
15	Абай	69698,9	51 860	74,4	0	0				
16	Жетысу	58388,1	35 470	60,7	0	0				
17	Улытау	32918,8	-	0,0	2	4500	1	1000	1	3500
18	г. Астана	254647,3	18 000	7,1	1	8000	1	8000		
19	г. Алматы	406417,8	-	0,0	0					
20	г. Шымкент	224118,6	46 308	20,7	9	34500	3	5500	6	29000
ВСЕГО:		2295348,8	1 975 367	86,1	78	380580	29	218000	22	139580

2021-2023 жылғы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне қажеттілік көлемінің есебі

№	Атауы	Жылдық тұтынудың орташа тиімді нормасы, кг	2021 жыл, адам	2022 жыл, адам	2023 жыл, адам	2021 жыл, тонна	2022 жыл, тонна	2023 жыл, тонна
1	Картоп	100	18879552	19503159	19766807	1 887 955,2	1 950 315,9	1 976 680,7
2	Сәбіз	23	18879552	19503159	19766807	434 229,7	448 572,7	454 636,6
3	Пияз	16	18879552	19503159	19766807	302 072,8	312 050,5	316 268,9
4	Қырыққабат	24	18879552	19503159	19766807	453 109,2	468 075,8	474 403,4
5	Бидай ұны	9	18879552	19503159	19766807	169 916,0	175 528,4	177 901,3
6	Нан	28	18879552	19503159	19766807	528 627,5	546 088,5	553 470,6
7	Күріш	8,4	18879552	19503159	19766807	158 588,2	163 826,5	166 041,2
8	Макарон	2,4	18879552	19503159	19766807	45 310,9	46 807,6	47 440,3
9	Қарақұмық жармасы	7,4	18879552	19503159	19766807	139 708,7	144 323,4	146 274,4
10	Күнбағыс майы	12	18879552	19503159	19766807	226 554,6	234 037,9	237 201,7
11	Сүт	45	18879552	19503159	19766807	849 579,8	877 642,2	889 506,3
12	Ашытылған сүт өнімдері	46	18879552	19503159	19766807	868 459,4	897 145,3	909 273,1
13	Сары май	4,7	18879552	19503159	19766807	88 733,9	91 664,8	92 904,0
14	Сиыр еті	20	18879552	19503159	19766807	377 591,0	390 063,2	395 336,1
15	Тауық жұмыртқасы, мың дана	265	18879552	19503159	19766807	5 003 081,3	5 168 337,1	5 238 203,9
16	Тұз	1,5	18879552	19503159	19766807	28 319,3	29 254,7	29 650,2
17	Құс еті, оның ішінде тауық еті	16	18879552	19503159	19766807	302 072,8	312 050,5	316 268,9
18	Ірімшіктер мен сүзбе	10,1	18879552	19503159	19766807	190 683,5	196 981,9	199 644,8
19	Қант	17	18879552	19503159	19766807	320 952,4	331 553,7	336 035,7

2021-2023 жылы азық-түлік тауарларының қажеттілігінің отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуі


№	Атауы	Қажеттілік көлемі, тонна			Өндірілген көлем, тонна			Қамтамасыз етілу, %		
		2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1	Тұз	28 319,30	29 254,70	29 650,20	222 656	222 656	356262	786,2	761,1	1201,6
2	Бидай ұны	169 916,00	175 528,40	177 901,30	3 093 527	3 318 172	3275634	1820,6	1890,4	1841,3
3	Пияз	302 072,80	312 050,50	316 268,90	1 059 600	1 114 487	1127996,9	350,8	357,1	356,7
4	Макарон	45 310,90	46 807,60	47 440,30	159 760	166 101	156444	352,6	354,9	329,8
5	Күнбағыс майы	226 554,60	234 037,90	237 201,70	331 128	537 149	672112	146,2	229,5	283,4
6	Картоп	1 887 955,20	1 950 315,90	1 976 680,70	4 031 582	4 080 469	3788117,8	213,5	209,2	191,6
7	Сиыр еті	377 591,00	390 063,20	395 336,10	540 216	533 249	544304,4	143,1	136,7	137,7
8	Күріш	158 588,20	163 826,50	166 041,20	210 686	223 935	205096	132,9	136,7	123,5
9	Сәбіз	434 229,70	448 572,70	454 636,60	624 556	621 400	557079	143,8	138,5	122,5
10	Қырыққабат	453 109,20	468 075,80	474 403,40	557 049	551 450	547626,1	122,9	117,8	115,4
11	Құс еті, оның ішінде тауық еті	302 072,80	312 050,50	316 268,90	272 606	293 172	328566,5	90,2	94,0	103,9
12	Тауық жұмыртқасы, мың дана	5 003 081,30	5 168 337,10	5 238 203,90	4 814 669	5 027 086	4919897,3	96,2	97,3	93,9
13	Нан	528 627,50	546 088,50	553 470,60	527 163	518 626	506578	99,7	95,0	91,5
14	Қант	320 952,40	331 553,70	336 035,70	226 791	282 894	222900	70,7	85,3	66,3
15	Сүт	849 579,80	877 642,20	889 506,30	611 047	573 323	598679	71,9	65,3	67,3
16	Қарақұмық жармасы	139 708,70	144 323,40	146 274,40	31 001	31 000	20225	22,2	21,5	13,8
17	Сары май	88 733,90	91 664,80	92 904,00	27 176	24 850	31123	30,6	27,1	33,5
18	Ашытылған сүт өнімдері	868 459,40	897 145,30	909 273,10	232 170	230 132	228460	26,7	25,7	25,1
19	Ірімшіктер мен сүзбе	302 072,80	312 050,50	316 268,90	36 963	36 773	43855	12,2	11,8	13,9

**Н. Халиуллинның магистрлік жобасы тақырыбын
апробациялау туралы анықтама**

№ р/н	Іс-шара	Сөз сөйлеу тақырыбы	Мерзімі
2022 жыл			
1	Азық-түлік қауіпсіздігі аясындағы «ВОДА-ЭНЕРГИЯ-ПРОДОВОЛЬСТВИЕ НЕКСУС» тақырыбында интерактивтік симуляциясы	-	2022 жылғы 10 қазан
2023 жыл			
2	«Экономист +» клубының интерактивті батлы	-	2023 жылғы 3 наурыз
3	Азық-түлік қамтамасыз ету бойынша зерттеу жұмыс тобының отырысы	«Азық-түліктің экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуді реттеу және оның тетіктері»	2023 жылғы 18 сәуір
4	«Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету: мәселелері мен шешу жолдары» тақырыбындағы дөңгелек үстел	«Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын реттеу мәселелері»	2023 жылғы 10 қараша
5	«Өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында диалог алаңы, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысы	«Астана қаласының индустриалды зонасының даму концепциясын» талқылау	2023 жылғы 7 қараша

**«Экономист +» клубының жетекшісі,
экономика ғылымдарының докторы,
профессор**

Дуламбаева Р.Т.



АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Жоба (зерттеу) авторы: Халиуллин Жасулан Джулдыбаевич

Ғылыми жетекшісі: Мұқан Бауыржан Ғалиақбарұлы

<p>Жоба (зерттеу) идеясы</p>	<p>Атауы Қазақстан Республикасында азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бағаны тұрақтандыру тетіктерін жетілдіру</p>
<p>Проблемалық жағдай (кейс)</p>	<p>Сипаттамасы Азық-түлік тауарларының қымбаттауы Қазақстан Республикасы үшін күрделі мәселеге айналуға және халықтың сатып алу қабілетіне кері әсерін тигізуде, бұл сайып келгенде әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін. Баға тұрақтылығының бұзылуы тұтынушылар мен өндірушілер үшін белгісіздікті тудырады, сонымен қатар халықтың әл-ауқатына да теріс әсер етеді. Азық-түлік өнімдерінің өндірушіден тұтынушыға дейін жеткенше 4-5 делдалдарға дейін болуы, соңғы сөредегі бағаның шарықтауына әкеліп отыр. Сонымен қатар, кейбір азық-түлік өнімдері бағасының маусымдық көтерілуі де дәстүрге айналып отыр. Азық-түлік өнімдерін өндірушілерден тұтынушыларға дейінгі аралықтағы бағаны бақылау жұмысына бірнеше мемлекеттік органдардың жауапты болуынан, баға шарықтаған сайын олар талдау жүргізіп, тиімді әрі жедел шаралар қабылдаудың орнына бір-біріне сілтейді [1].</p>
<p>Аталмыш проблема бойынша қолданыстағы шешімдер</p>	<p>Қолданыстағы тәсілдердің жіктелуі Бағаны тұрақтандырудың қолданыста бірнеше тәсілдері бар. Сауда қызметін реттеу туралы Заңның 2-тарауының 9-бабына сәйкес сауда объектісі өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді [2]. Сондай-ақ, шекті және шекті сауда бағасын белгілеу сияқты шаралар бар [3]. Бағаны реттеу шараларын сауда саласындағы уәкілетті орган бағынысты ұйымдарымен, ауыл шаруашылығы бойынша уәкілетті орган және жергілікті атқарушы</p>

органдар белгіленген күзiреттiлiктерiне сәйкес атқарады.

Жәрмеңкелер өткiзу, тұрақтандыру қорларын пайдалану, өнiмнiң импорты мен экспортын реттеу, ауыл шаруашылығы тауарын өндiрушiлердi қаржылық қолдау жатады.

Артықшылықтар мен кемшiлiктер

Артықшылықтарға реттеушi сауда үстемесiн реттеушi заңның болуы, жәрмеңке мен тұрақтандыру қорлары бойынша қосымша алынатын шаралардың бағаның ауытқуының әсерiн уақытша жұмсарту жатады, бiрақ ресурстарды тиiмсiз пайдалану және ұзақ мерзiмдi тұрақтандырудың шектеулi ауқымы сияқты кемшiлiктер бар.

Шектi және шектi рұқсат етiлген сауда бағасын белгiлеу механизмине келер болсақ нарықтағы өнiм өндiруге кететiн өзiндiк құн шығындары аяқ асты тез өскен жағдайда бұл шараларды қолдану сауда объектiлерiн сатып алу бағасынан төмен сатуға мәжбүрлеу болатын болса, сол өнiмдi өндiрушiлер белгiленген бағаның өзiндiк құннан төмен болуына байланысты өндiрiсiн мүлде тоқтатып қоюы мүмкiн. Бұл өз кезегiнде әлеуметтiк шиеленiске алып келуi мүмкiн. Сауда субъектiлерiне әлеуметтiк маңызы бар азық-түлiк тауарларының он бес пайызынан аспайтын шектi сауда үстемесiнiң қатысты тек соңғы жеткiзушiнiң бағасына байланысты жұмыс жасауда, ал оның арғы жағындағ делдалжарға әсер етпей отыр. Сондай-ақ, Заңда iшкi сауда субъектiсi әлеуметтiк маңызы бар азық-түлiк тауары бiрнеше өндiрушiден немесе көтерме сауда арқылы берушiден болған жағдайда, неғұрлым төмен құны бар әлеуметтiк маңызы бар азық-түлiк тауарына ғана сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шектi сауда үстемесiнiң мөлшерiн белгiлейдi. Мысал ретiнде бiр өнiдi алайық өсiмдiк майы 10 түрлi өндiрушiден келген жағдайда, тек соның ең арзан бағада өнiмiн ұсынған өндiрушiнiң тауарына ғана баға үстемесi бойынша шектеу қолданылып, қалған 9 қолданылмайды. Бұл жалпы өсiмдiк майының бағасын тұрақтандыруға мүмкiндiк бермейдi.

Кей кездерде тауар өндiрушiлер өндiрген өнiм көлемдерiн өткiзе алмайтын да жағдайлар кездесiп жатады.

	<p>Бағаны реттеу бойынша құзіреттіліктердің бірнеше мемлекеттік органдарда болуына байланысты бір ізді жүйенің жұмыс жасамауы.</p>
<p>Аталмыш проблема бойынша ұсынылатын шешім</p>	<p>Балама тәсілдің сипаттамасы, оны жүзеге асыру тәртібі</p> <p>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 01 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында азық-түлік бағасын тұрақтандыру шараларына қатысты жұмыстарды жүйелеп ретке келтіру үшін, жауапкершіліктің ара-жігін ажыратып бір мемлекеттік мекемені басты орган ретінде айқындап, өзгелерінің өзара іс-қимылын нақты белгілеуді тапсырды [1].</p> <p>Тапсырмаға сәйкес құзіреттіліктерді сауда қызметі бойынша уәкілетті органға беру үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен жергілікті атқарушы органдардан бағаны тұрақтандыруға қатысты құзіреттіліктерді Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңының 2-тарауының 6-бабының 1-тармағының 4-1, 39 тармақшаларын; 3-тармағын, 7-бабының 2-тарауының 8-1, 17-3, 17-4, 17-10, 17-11 тармақшаларын алып тастау қажет [4].</p> <p>Сәйкесінше осы құзіреттіліктерді Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрліне беру үшін Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңының 2-тарауының 7-бабының 1 тармағына толықтырулар енгізу қажет [2].</p> <p>Мүмкіндіктер</p> <p>Делдалдарды жоюға бағытталған шаралар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Он бес пайыздық үстемеге қатысты мәселені шешу үшін «Ішкі сауда субъектісі өндірушіден сөреге дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына үстеме бағаны делдалдар санына қарамастан шекті сауда үстемесінің мөлшерін он бес пайыздан аспайтын көлемде белгілейді.» - деп 9-баптың 2 тармағына қосып, жоғарыда көрсетілген нормаларын алып тастау ұсынылады. 2. Тауар өндірушілерден азық-түлік өнімдерінің тікелей сауда субъектілері арқылы тұтынушыларға сатылуын ұйымдастыру үшін арнайы жүйені іске қосу

ұсынылады, ол жүйенің жұмысын сауда қызметі бойынша уәкілетті орган ұйымдастыру қажет деп есептейміз. Мүдделі тараптар үшін бұл жүйе қосымша ақпарат ретінде тауар өндірушілерді, тауардың өзіндік құнын, үстемесі мен көтерме және сатылу бағасын, сатылған өнімнің көлемдерін, бағаның өзгеру динамикасының мониторингі мен себептерін, сауда нарықтарын, көтерме тарату орталықтарын, қоймалар мен олардағы сақтаулы өнім көлемін, бағаны тұрақтандыру бойынша қабылданып жатырған шараларды, тауарға деген сұраныс пен ұсыныстың өзгеруін, сауда объектілеріндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы мен тұрақтандыру қоры тауарларының сатылу орындарының мекен-жайларын, сауда желілеріне азық-түлік тауарларын жеткізушілері (контрагенты) туралы мәліметті көруге мүмкіндік беруі керек.

3. Өсімдік және мал шаруашылығын қолдау бағдарламаларының қағидаларында мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатынасушы ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнімдерін өндірушілеріне мемлекет тарапынан қойылатын қарсы міндеттемелерді барлық қолдау бағдарламаларының қағидаларына енгізу. Міндеттемеге сәйкес ішкі нарықты қанықтыру және бағаны тұрақтандыру мақсатында өндірген өнімдерінің бір бөліктерін құрыллатын жүйе арқылы нарықта белгіленген бағамен сату.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрліне барлық құзіреттіліктің берілуі жұмысты жүйелеп ретке келтіру арқылы тиімділікті арттыратын болады. Тұтынушылар мен тауар өндірушілерге арналған арнайы жүйе мен он бес пайыздық үстемеге қатысты ұсыныстар қабылданған жағдайда делдалдардың саны айтарлықтай азайтып, бағаның бағаның тұрақтануына әсер етеді. Сонымен қатар, арнайы жүйе арқылы барлық мүдделі тараптар (тұтынушылар, тауар өндірушілер, сауда субъектілері, мемлекеттік органдар) сұраныс пен ұсыныс, бағаның статистикасы, т.б. көптеген қажетті ақпараттарды көріп отырады.

Қарсы міндеттемелер арқылы тауар өндірушілер өндірген өнім көлемінің белгілі бір бөлігін кепілді түрде белгіленген бағамен сатылатынын біліп отырады, бір жағынан ол бағаны тұрақтандыру мен ішкі нарықты

	<p>қанықтыруға да оң әсерін тигізеді.</p> <p>Тәуекелдер</p> <p>Келесідей тәуекелдерді атап өтуге болады. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрліне құзіреттіліктер толығымен берілгенмен бағынысты ұйымдарда, соның ішінде өңірлердегі департаменттердегі штаттық бірліктердің шектеулігіне байланысты шаралардың өз деңгейінде атқарылмауы.</p> <p>Сауда қызметі туралы Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес және арнайы жүйе арқылы өнімдерін сататын тауар өндірушілердің тауарларын жеткізу қызметін атқармауына байланысты дүкен сөрелерінде азық-түлік тауарларының тапшылығының орын алуы.</p>
Күтілетін нәтиже	<p>Балама тәсілдің тиімділігін өлшеу, оны жүзеге асыруды бағалау әдістері</p> <p>Баламалы тәсілдің тиімділігі бағаның құбылмалылығын төмендету, халық үшін азық-түліктің қолжетімділігін жақсарту, ауыл шаруашылығы секторының тұрақтылығын арттыру және азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін жақсарту бойынша бағаланатын болады.</p>
Әдебиет	<p>1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2021 жылғы 01 қыркүйек // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. - URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555. Жүгінген күні: 29.01.2024 ж.</p> <p>2. Сауда қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: Сауда қызметін реттеу туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz). Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.</p> <p>3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011245. Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.</p> <p>4. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды</p>

	дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000066 . Жүгінген күні: 28.01.2024 ж.
--	---